

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ  
және ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 191 (9768) 1955 жылғы 25 сентябрь Жексенбі

Шығуына 36 жыл.  
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

СОКП Орталық Комитетінің Бірінші секретары Н. С. Хрущев мырзаға (1-бет).  
Аспан әлемінің физикасы туралы ғылымдағы жаңалық (1-бет).  
М. Поляков. — Бронетанк әскерлері — Совет Армиясының қуатты, өкпінді күші (2-бет).

БАРЛЫҚ ЖАЗДЫҚ ЕПІС ТАНАБЫ  
ҮШІН ЗЯБЬ ЖЕТІЛІКТІ КӨТЕРІСІН:

Е. Бойченко. — Совхоздарда зябь қолайлы мерзімде жыртылсын (2-бет).  
А. Қазыбеков. — Аспан ңехының жаңашылары (2-бет).  
МАЛДЫҢ ШӨБІ МОЛ, ҚОРАСЫ ЖЫЛЫ, ӨРІ ЖАЙЛЫ БОЛСЫН: Е. Колесников. — Тәжірибелі шопан. С. Қаномов. — Жемшоп дайындаудағы бауалық. Б. Жақыпов. — Уақыт жетсе де, басшылар асығар емес (3-бет).

КПНО. Ә. Мұсаханов. — «Өмір сабағы» (3-бет).  
А. Кауфман. — Бирма және оның саясаты (3-бет).  
БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ X СЕСИЯСЫНДА (4-бет).  
ОБЛЫСЫМЫЗДА (4-бет).  
Шетелдік хабарлар (4-бет).

## Танкшілер күні

Бүгін бүкіл совет халқы танкшілердің даңқты күнін жерлеп отыр. Бұл күн 1946 жылдан бері бронетанк және механикаландырылған әскерлердің Ұлы Отан соғысындағы аса көрнекті жеңістерінің құрметіне жыл сайын мерекеленіп келеді. Бұл күні даңқты Совет Армиясының ұлы күші, танкшілеріміздің жауынгерлік шеберлігі, армиямызды қуатты және жетілдірілген бронетанк техникасымен жабдықтап отырған жұмысшылардың, конструкторлардың, инженерлердің табыстары атап өтіледі.

Біздің еліміз заңды түрде танктің Отаны болып аталады. Барлық жерге бірдей жүре алатын алғашқы машиналарды жасаған атақты орыс ғалымдарының есімі бүкіл дүние жүзіне әйгілі. 1837 жылдың өзінде орыс офицері Загряжский шынжыр табанды машинаның жобасын ұсынаған болатын. Осындай шынжыр табанды машиналарды жетілдіре түсу ісінде орыстың аса көрнекті өнертапқышы Федор Блиновтың зор роль атқарғаны мәлім. Бірақ броньді машина жасау мәселесі тек үстіміздегі ғасырдың бас кезінде ғана қолға алынды деуге болады. 1911 жылы ұлы орыс ғалымы Д. И. Менделеевтің баласы инженер Василий Дмитриевич Менделеев шынжыр табанды броньді машинаның техникалық жобасын жасады.

1914 жылдың августында орыс конструкторлары барлық жерде бірдей жүре алатын жауынгерлік машинаның үлгісін жасады. Бұл машина кейіннен танк деп аталды.

Танк өнеркәсібі тек Совет өкметі жылдарында ғана құрылып, кеңінен өркендеді. Азамат соғысы жылдарының өзінде ұлы көсеміміз В. И. Лениннің тікелей тапсырмасы бойынша «Красное Сормово» заводу тұңғыш советтік танкті жасап шығарды. Ал танк жасау өнеркәсібі біздің даңқты бөкжылдықтарымыз кезінде шын мәнінде өркендеді. 1934 жылдан 1939 жылға дейін біздің елімізде жасалған танктердің саны 3 есе өтті.

Коммунистік партия барлық мамандықтағы танкшілер кадрларын қамқорлықпен өсіріп келеді. Елімізде танк училищелері ашылып, дүние жүзінде тұңғыш рет бронетанк және механикаландырылған әскерлердің И. В. Сталин атындағы Соғыс Академиясы құрылды.

Совет Одағы Коммунистік партиясының үздік қамқорлық және тікелей басшылық жасап отыруының нәтижесінде Ұлы Отан соғысының қарсаңында біздің армиямыздың бірінші дәрежелі танктері, оларды пайдаланудың озат теориясы, жақсы әзірлігі бар кадрлары болды.

Гитлершіл басқыншылардың 1941 жылғы күзде Москва түбінде талқандауы гитлершіл фашистер үшін өте ірі жеңіліс болды. Фашистік қанішерлерді Москва түбінде талқандау ісіне советтік бронетанк және механикаландырылған әскер бөлімдері зор үлес қосты. Міне, осы тарихи шайқаста тұңғыш советтік танк гвардиясы тұды: ерекше көзге түскен 4-ші танк бригадасы 1941 жылдың ноябрінде 1-ші гвардиялық танк бригадасы болып қайта өзгерді.

Біздің бронетанк және механикаландырылған бөлімдеріміз Отан соғысының барысында өздерінің алдына қойылған жауынгерлік міндеттерді әрқашан аброймен орындап отырды.

## СОКП Орталық Комитетінің Бірінші Секретары Н. С. ХРУЩЕВ мырзаға

МОСКВА

Бірінші Секретарь мырза, Сізбен кездесулеріміз және пікірлер алысуымыз біздің Москвада болған сапарымыз кезіндегі ең сүйсінерлік оқиғалардың бірі болды. Фин халқының өмірлік мүдделерін Сіздің терең түсініп отырғанына маған зор әсер етті.

Біздің соғшалықты сәтті аяқталған келіссөздерімізге Сіз-

дің белсене қатысқаныңыз үшін, сонымен қатар біздің халқымыз жөніндегі Сіздің іргі ниетті тілектестігіңіздің барлық басқа да айғақтары үшін өзіміңіздың шын пейіліңізді алғысымызды айтамын.

УРХО КЕККОНЕН.

Хельсинки, 20 сентябрь, 1955 жыл.

## Аспан әлемінің физикасы туралы ғылымдағы жаңалық

Қырымдағы астрофизикалық конференцияда совет және шетел ғалымдарының баяндамалары

СПМФЕРОПОЛЬ, 21 сентябрь. (ТАСС). Көрнекті совет астрономдары, физиктері, математиктері Қырымдағы обсерваторияның жаңа үйінде ашылған конференцияда астрофизиканың проблемаларын — аспан әлемінің физикалық қасиеттері туралы ғылымның проблемаларын талқылауда. Пікір алысуларға, сонымен бірге, бұл конференцияға ССРО Ғылым академиясы шақырған Англияның, Францияның, Чехословакияның, Польшаның тараы басқа елдердің ғалымдары қатысууда және баяндамалар жасауда.

Ғалымдардың назары жұлдызаралық кеңістіктерде байқалатын газды тұмандардың пайда болуы мен олардың қасиеттері проблемаларына, күн мен жұлдыздардың физикалық қасиеттері саласындағы жаңа мәліметтерге аударылды.

Зерттеу техникасының өркендеуі, ССРО-да жаңадан қуатты астрономиялық құралдардың жасалуы совет ғалымдарына аспан әлемдерінің физикалық қасиеттері туралы соңғы уақытта бірсыпыра бағалы бақылаулар жасауға мүмкіндік берді. Бұл қорытындылардың астрономия ғылымын дамытуда ғана емес, сонымен бірге ядролық физика саласына жататын кейбір терең процестерді тану үшін де зор маңызы бар.

Конференцияда академик Г. А. Шайнның — «Тұмандарды және магнит алаңын зерттеу» жөніндегі баяндамасы қызу пікір таласын туғызды. Жұлдыздар

аралығында байқалатын газды-шаң тұмандарының ерекшеліктерін зерттеудің барысында Қырымдағы астрофизика обсерваториясының жарық түсіргіш камерасының көмегімен бұл тұмандардың көпшілігінің бір бағытқа созылып жатқандығын дәлелдеудің сәтті түсті. Академик Г. А. Шайн бұл созылып жатушылықты магнит алаңының болуынан деп түсіндіреді.

Ғалымдар мұнымен бірге тұманның созылып жатқан бағытының көптеген жағдайларда жұлдыздар жарықтарының шоғырлану бағытымен қабысып жататындығын атап көрсетті, ал жұлдыздар жарығының бірбеткейге ұйлығы бағытын да магнит алаңы тудырады. Бұл факт — Галактикадағы магнит алаңының болуы теориясының пайдасы үшін жаңа күшті дәлел болып табылады.

Сонымен бірге, тұмандардағы газдың қозғалысына ықпал ететіндей магнит алаңы күшінің жеткілікті екендігі дәлелденді. Академик Шайнның жаңа байқаулары мен қорытындылары, конференцияда аталынып өткеніндей, соңғы жылдардағы зерттеулердің әлем дүниесіндегі электромагниттік процестердің өзгеше маңызы роль атқаратындығын бұрынғыдан да бағыл көрсетіп беретіндігімен де маңызды.

Газды тұмандар мәселесімен байланысты чехословак астрономы Владимир Ванышек өзінің конференцияда жасаған ба-

яндамасында қызықты мәліметтер туралы хабарлады, ол жарық жұлдыздар мен жұлдызаралық газдың жылдамдығын зерттеу жөніндегі өзінің жұмыстары туралы айтып берді.

Жұлдызды энергияны сәулелендірудің жаңа бір түрі жөнінде соны мәліметтерді хабарлаған академик В. А. Амбарцумянның, тұманда және жұлдызаралық орталықтағы газдың қозғалысының зерттеудегі өзінің жасаған әдістері туралы айтып берген физика-математика ғылымдарының докторы С. В. Никельердің, сол сыяқты дөңгелек түрі бар, сондықтан «планеталар тұманы» деп аталатын тұманның өзгеше түрінің қасиеттері туралы хабарлаған физика-математика ғылымдарының докторы И. С. Шкловскийдің баяндамалары кең көлемді жарыссөздер туғызды. Бұл баяндамаларды талқылауға профессор В. А. Воронцов-Вельяминов, Вроцлав обсерваториясының профессоры Ян-Ежи Мергенталер, Ленинград университетінің профессоры В. В. Соболев, Одесса обсерваториясының директоры В. П. Сесевич қатысты.

Конференцияда Париждегі астрофизика институтының профессоры Даниель Шалонждің жұлдыздардың үздіксіз спектрын жаңаша зерттеудің нәтижелері туралы жасаған баяндамасы зор ынтамен тыңдалды. Француз ғалымы ұсынаған жұлдыздар спектрлерін соны классификациялау конференцияға қатысушылардың ерекше назарын аударды.

## Бастауыш партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйналыстары

Облыс партия ұйымында есеп беру-сайлау жыйналыстары басталды. Бұл жыйналыстар партияның XX съезі құрметіндегі социалистік жарыс күннен күнге қыза түсіп отырған жағдайда өтіп жатыр.

Коммунистер есеп беру-сайлау жыйналыстарында өнеркәсіп орындары мен совхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің алдында тұрған шаруашылық міндеттердің жүзеге асырылуын талқылап, жаңа табыстарға жетудің шараларын белгілейді, партия бюросының ұйымы немесе партия ұйымы секретарының есеп беріп отырған мерзім ішіндегі жұмысына баға береді. Сонымен қатар олар таяула шақырылатын қала-лық, аудандық партия конференцияларына делегаттар сайлайды.

Есеп беру-сайлау жыйналыстарының алғашқы күндері мұны айқын көрсетіп отыр. Қаладағы № 1 кірпіш заводы өндірістік жоспарларды орындауда жыл сайын артта қалып келе жатқан кәсіпорындарының бірінен саналады. Есеп беру-сайлау жыйналысында коммунистер сын мен өзара сынды кеңінен өрістете отырып, кәсіпорынның артта қалу сырын батыл ашты. Олар жаңа техника мен рационализаторлық ұсыныстардың өндіріске нашар енгізілетінін айтып, бұл жөнінде завод дирекциясы мен партия ұйымының бұрыңғы секретарының әділ сынады. Ал қаладағы № 45 мектептің коммунистері есеп беру-сайлау жыйналысында партия ұйымының секретары Пасечный жолдастың жұмысын қанағаттанғысыз деп тапты. Өйткені Пасечный жолдас коммунистердің назарын мектептегі оқу-тәрбие жұмысына жеткіліксіз аударды, оқушылар мен оқытушылар коллективіне саяси-тәрбие беру ісін өлсіреткен. Бұл мысалдардан коммунистердің біздің ілгері басуымызда бетек болатынының беріне тәубейтіндіктерін, партия алға қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін әрқашан даяр екендіктерін көреміз.

Қалада болсын, селода болсын партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйналыстарының басым көпшілігі октябрь айында өткелі отыр. Сондықтан ол жыйналыстарға күні бұрын әзірленіп, оларды коммунистердің зор белсенділігімен, сын мен өзара сын ұранымен өткізудің маңызы зор.

Қала өнеркәсіп орындары сегіз айлық өндірістік жоспарды аброймен орындады. Бірақ мұнан өнеркәсіп, транспорт орындары мен құрылыс ұйымдарының жұмысында кемшіліктер жоқ деген ұғым тілгі де тұмайды. Атап айту қажет, көптеген кәсіпорындарында өндірістік жоспар өнөөң түр-түрі бойынша орындалмайды. Ал құрылыс ұйымдарының басым көпшілігі өндірістік жоспарларын орындауда үнемі артта қалды. Мұндай олжылықтың себебі мынада: кәсіпорындарының администрациялары мен партия ұйымдары техникалық прогресс пен өндірісті ұйымдастыру ісін өскелең міндеттер дәрежесінде ұйымдастыра алмай келеді. Коммунистер есеп беру-сайлау жыйналыстарында, міне осы мәселелерге баса назар аударып, техникалық прогресс пен өндірісті ұйымдастыруды жақсартудың нақтылы шараларын белгілеуге тиіс.

Колхоздар мен МТС-тердің және совхоздардың бастауыш

Сталинград түбіндегі тарихи шайқаста совет танкішілерінің төндесі жоқ бағырық көрсеткенін атап айта кету қажет. Көп көшілері басқа әскери бөлімдермен тығыз бірлесіп отырып, біздің танкішілеріміз гитлершіл жеңдеттердің Курск түбіндегі шабуылын тойтарып тастады. Курск түбіндегі ұрыстар танк әскерлерінің тарихта жездеспеген сұрапыл шайқасы болды. Бұл ұрыстарда екі жақты қоса есептегенде 10 мыңға жуық танк қатысқан. Ерекше атап көрсете кететін бір факт сол — Курск түбіндегі осы ұрыстарда бір айта — 1943 жылы 5 июльден 6 июльге дейін — неміс фашистерінің 4600 танкісі мен өздігімен жүретін зеңбіректері қатардан шығарылған.

Соғыстың аяқталар кезінде Совет Армиясы фашистік жыртықшыларды өзінің шыққан жерінде талқандады. Бұл кез Совет Армиясының шынығып, нығап түскен, жауынгерлік қарулануы арта түскен кез екені мәлім. Бұған дәлел ретінде жаудың Берлин түбіндегі тобын жою операциясына 6300 совет танкісінің қатысқандығын айтсақ та жеткілікті.

Совет танкішілері өздерінің асқан қуаттылығын империалистік Жапонияға қарсы соғыста тары да бір рет айқын демонстрациялады. Олар Квантун армиясына өлтіре соққы беріп, оны талқан етті. Міне совет танкішілері өзінің Отан аясы алдында төндесі жоқ арлық көрсетті, қойылған міндетті абыроймен орындап шықты.

Совет үкметі танкішілеріміздің мұндай ерлігін жоғары бағалады. Соғыста үздік шыққан 1142 танкішіге Совет Одағының Батыры атағы берілді, ал оның ішінен 16 танкішіге бұл жоғары атақ екі рет берілген, 9 мыңнан аса танк жасаушылар үкмет наградаларын алды.

Быйылғы жылы совет халқы Танкішілер күнін халық шаруашылығының барлық салаларында алып қарқынмен өркендету жөніндегі қол жеткен жаңа табыстармен қарсы алды. Коммунистік партия мен Совет үкметінің данышпан басшылығы арқасында халқымыз бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын, төрт жыл төрт айда орындап шықты.

Совет халқының еркі мен тілегін бейнелей отырып, Совет үкметі дүние жүзінде бейбітшілікті нығайту ісіне келелі үлес қосты.

Совет Армиясы, оның қуатты, екпінді күштері — бронетанк және механикаландырылған әскер бөлімдері көзгіргі уақытта совет халқының коммунизмге жету жолындағы жемісті еңбегін қырағылықпен қорғап, бейбітшілік күзетінде тұр.

Барлық жеңістеріміздің дем беруші және ұйымдастырушысы — Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын! Тубыққан Совет Үкметі жасасын!

Совет танкішілері мен танк жасаушыларының даңқы арта берсін!

## Павлодарда комбайн заводын салу

ПАВЛОДАР, (ҚазТАГ). Мұнда еліміздегі аса ірі комбайн заводын құрылысы өрістеді. Завод 1957 жылы «Сталин-8» маркалы алғашқы машиналар шығарады. Тың және тыңайған жерлер игеріп жатқан Сибирьдің, Алтайдың, Қазақстанның ауылшаруашылық машиналарын жасайтын ірі жаңа базасы болады. Завод жыл сайын ондаған мың астық комбайндарын және сүрлем жыйнайтын комбайндар, сондай-ақ көптеген әртүрлі ауылшаруашылық машиналарын, олардың запас бөлшектерін шығаратын болады.

Комбайн жасайтын алытын құрылысын индустриалдық ең жаңа әдістермен салу, темірбетон конструкциялар мен ірі блоктарды құрастырған кезде монтаж жұмыстарын өте көлемді түрде комплексті механикаландыру әдістерін қолдану белгіленді.

Кәзір заводтың қорнулары салынатын негізгі құрылыс алаңында жолдар салынып жатыр. 16 километрден аса темір жол салынып, темірбетон плиталар мен тұтас бетонның автомобиль жолдары төселді.

## Астық өнімін жыйнау

КВАРКЕНО СЕЛОСЫ, (Чкалов облысы). Өткен жылы ұйымдастырылған «Кульминский» совхозының егіншілері тары шабууды аяқтап, жүгеріні жыйнай бастады. Жаңа қоныстанушылар тың жерлерді мұқият өңдеді, сондықтан жаздың құрғақшылық болғанына қарамастан жақсы егін өсірді. Жекелеген алаңдарда гектарынан бидай 100 пұтқа дейін, ал тары 120 пұтқа дейін өнім берді. Кәзірдің өзінде миллион пұттан астам астық бастырылды. Совхоз өзін таңдаулы тұқыммен толық қамтамасыз етті, мемлекеттен несиеге алған тұқымды қайтарып берді және Отанымызға 540 мың пұттан астам

астық берді. Астық ташыру әлі де жүргізіліп жатыр.

КРАСНОДАР. Крылов ауданындағы Павлов астық совхозында жазда ерте егілетін дақылдардан босатылған жерлерге өгілген жүгеріні жыйнау басталды. Әрбір гектардан шаруашылықтың механизаторлары 60 центнерден сүттеніп-балауызданып піскен собықтарды және 80—120 центнерден көкшөп жыйнауда.

ТЮМЕНЬ. Облыста барлық жерде де картоптан жоғары өнім алынғандығы белгілі болып отыр. Көптеген колхоздар бір гектардан 300 центнерге дейін картоп жыйнауда.

## Трикотаж сапасын жақсарту

ССРО көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлары министрлігі коллегиясының мәжілісінде трикотаж бұйымдардың сапасын жақсарту және ассортиментін ұлғайту жөнінде мәселе талқыланды.

Россия Федерациясы кәсіпорындарының өзінде ғана 180-нен астам жаңа модельдер мен фасондарды өндіру енгізілді. Штапель жібінен трикотаж сырт киімдер тоқу игерілді. Капрон шөлоттодан

мәнерлейтін материалдар шығаруға әзірлік жүріп жатыр.

Алайда, коллегияда атап көрсетілгеніндей бірқатар фабрикалар жоспарда бекітілген ассортименттің бұрмалануына жол береді, бірінші сортты өнім шығару жөніндегі тапсырманы орындамайды. Бұйымдарды мәнерлеуге жеткілікті мән берілмейді. Жаңа үлгілер баяу енгізіледі.

Министрлік трикотаждың сапасын жа-

БАКУ. Кировабад аймағы мен көршілес аудандардың колхоздары мен совхоздарында жүзімнің көптеген сорттары өсіріледі. Жұықтағы күндердің ішінде Кировабадтан еліміздің өнеркәсіп орталықтары мен курорттарына 9 вагон жүзім жөнелтілді.

Республиканың жүзім өсірушілері бай өнім жыйнауда, бұл өткен жылдағыдан едәуір жоғары. Шанхор ауданындағы Азизбеков атындағы совхозда бір гектардан 155 центнерге дейін жүзім жыйналады. Жүзім өнімін жыйнау басқа аудандарда да табысты жүргізілуде. 22 сентябрь. (ТАСС).

не ассортиментін жақсарту жөнінде шаралар бекітті. Барлық фабрикаларда тағайындалған өндіріс технологиясының тәртібі қаншалықты дәлме-дәл сақталатындығын тексеру ұйғарылды.

1956 жылы трикотаж сырт киімдердің жақсы фасондары мен модельдеріне, жақсы тоқымаларға және шөлоттолардың суреттеріне конкурс өткізу ұйғарылды.

(ТАСС).



Молдаван ССР. Кишиневтағы Ленин атындағы проспект.

(ТАСС-тың фотохроникасы).

далуы жан-жақты талқыланып, жұмыста орын алған кемшіліктерді жоюдың жаңа табысқа жетудің жолдары белгіленуі қажет. Кәзір алда тұрған кезек күттірмейтін міндеттер — егін жыйнау мен мемлекетке астық ташыруын таяуағы күндерде аяқтау, келесі жылдың егісі мен мал қыстату маусымына үлгілі әзірлену, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын күзгі-қысқы жөндеу ісіне ұйымшылдықпен кірісу болып табылады.

Коммунистік партия мемлекеттік аппараттың жұмысының жақсара беруіне ерекше назар аударып отыр. Жасыратыны жоқ, кейбір совет, шаруашылық мекемелерінің басшылары жұмыстың кеңесімдік әдісінен, төршіліктен өлі де болса арыла алмай жүр. Мемеле партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйналыстарында жұмыстың мұндай теріс әдістері батыл сыналуды керек.

Партия бізді саяси жұмыс шаруашылық саласында табысқа жетудің кепілі деп үйретеді. Солай бола тұрса да кейбір партия ұйымдары саяси жұмысты жете бағаламайды. Коммунистердің маркстік-лениндік даярлықтарын арттыру ісін ұйымдастыруда да елеулі кемшіліктер жоқ емес. Бірқатар жерлерде партия ұйымдарының қатары өндіріс озаттары есебінен, алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен колхозшы шаруалар есебінен аз өсіп келді. Есеп беру-сайлау жыйналыстарында бұл және партиялық-саяси жұмыстың басқа да саласында орын алған кемшіліктерді болдырмаудың шаралары белгіленуі керек.

Партиялық ұйымдастыру және партиялық саяси жұмыстың табысты болуы партия ұйымы секретарьларының іскерлік қабілеті мен саяси даярлығына байланысты. Бірқатар жерлерде партия ұйымдарының секретарьлары колхоз өндірісімен байланысы жоқ мұғалімдер мен селолық Советтік қызметкерлері болып келді. Колхоз партия ұйымының секретарьлығына колхоз өндірісімен тікелей байланысы бар, колхозшы коммунистерді ұсынған жөн.

Есеп беру-сайлау жыйналыстарын жоғары дәрежеде өткізу үшін оған алдын-ала әзірлену қажет. Бұл жөнінде қалалық, аудандық партия комитеттеріне зор міндеттер жүктеледі. Партия комитеттерінің басшы қызметкерлері есеп беру-сайлау жыйналыстарына әзірлік және оны өткізу жұмыстарына тікелей қатысып, партиялық ішкі демократияның қатаң сақталуына жетісулері керек.

Есеп беру-сайлау жыйналыстарын коммунистердің зор белсенділігімен өткізіп, партия ұйымдарының бұқараны коммунистік қоғам орнату жолындағы күреске жұмылдыруында жаңа табыстарға жете берейік!

## Металлургия және байыту институтында

Қазақ ССР Ғылым академиясының металлургия және байыту Институты ғылыми советінің кеңейтілген мәжілісінде Үлкен Жезқазған металлургиясы проблемаларын шешудің жаңа жолдары туралы республика Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, техника ғылымының докторы профессор А. Л. Цефтің хабары тыңдалды.

Мыс айырып алудың түрлі металлургиялық әдістеріне талдау жасаудың негізінде профессор А. Л. Цефт металл алудың бұрынғы әдістерінің шикізатты комплексті пайдалануды, еңбек өнімділігін онан әрі арттыруды, металлургиялық жұмыс жағдайларын жақсартуды қамтамасыз етпейтіндігін көрсетті. Мыс айырып алудың жаңа әдістері — циклондық қорыту және сұйық ваннада қорыту — өнімділікті анағұрлым арттырады, кәсіпорынды кепінен механикаландыруға және автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Теориялық анализді және эксперименттік жұмысты негізге ала отырып, А. Л. Цефт түрлі ерліктердің таңдау әрекеттеріне негізделген гидрметаллургиялық әдіс металл алудың ең перспективалы әдісі деп санайды. (ҚазТАГ).

# БРОНЕТАНК ӨСКЕРЛЕРІ — СОВЕТ АРМИЯСЫНЫҢ ҚУАТТЫ, ЕКПІНДІ КҮШІ

Бронетанк және механикаландырылған өскерлердің маңызын, олардың Ұлы Отан соғысында еңбегін, сондай-ақ Қарулы Күштерімізді бронетанк техникасымен жабдықтау ісінде танк жасаушылардың еңбегін құрмет тұту мақсатымен СССР Жоғарғы Советінің Президиумы өзінің Указымен жыл сайын Танкшілер үшін мейрамдауды белгіледі.

Совет халқы бронетанк өскерлерінің жауынгерлік істері мен танк жасаушылардың еңбектегі ерліктерін орынды мақтан етеді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Совет Армиясының бронетанк және механикаландырылған өскерлері фашистік Германия мен империалистік Жапонияны талқандау ісінде көрнекті роль атқарып, өздерінің Отан алдындағы абыройлы батырларын ерлік пен даңққа бөлініп орындап шықты. Партия мен үкімет олардың еңбегін аса жоғары бағалады. 250 мың танкшы Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталды. 1142 танкшы Совет Одағының Батыры деген атаққа ие болды. Ал 16 адамға бұл құрметті атақ екі рет берілді.

Совет танк жасаушылары да жанқиярлықпен еңбек етті. Соғыс күндерінің ауыр жағдайларында танк өнеркәсібінің жұмысшылары, конструкторлары, инженерлері мен техниктері біздің Армиямызды тамаша танктермен және өздігінен жүретін артиллериямен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етіп отырды. Қажырлы еңбегі үшін танк өнеркәсібінің 9 мыңнан астам қызметкері Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталды.

Коммунистік партияның Совет Армиясын нығайту жөнінде күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында бронетанк өскерлері қуатты екпінді күш болып алды. Ең озат қуатты техникамен қаруланған, жауынгерлік қабілеті жоғары олар өскерлердің басқа да түрлерімен бірге қандай да болса агрессорға ауыздық сала алады.

Біздің барлық Қарулы Күштеріміз сыяқты, совет бронетанк өскерлері шетел интервенттері мен ішкі контрреволюцияға қарсы күрес кезінде туды. Азамат соғысының ауыр күндерінде жас Совет Армиясының жеткілікті мөлшерде танктері болмады. Ал болған бірін-саран танктердің өзі жаудан тартып алынған еді. Совет танктерін жасау В. И. Лениннің шұқсауы бойынша Нижний — Новгородтағы Сормово заводында басталды. Танк өндіруде Ижорск заводы мен Москваның «АМО» (қазіргі Сталин атындағы завод) заводы қатысты. «Востандық жолындағы күрескер Ленин жолда» атты бірінші совет танкі 1920 жылы «Красное Сормово» заводында жасалып шықты.

пеште басқыншыларына қарсы соғыс нағыз халықтық сыйпат алды. Бәрі де жеңіс мүддесіне бағындырылып, еліміз біртұтас соғыс лагеріне айналдырылды.

Совет өскерлері Москва түбінде қорғаныс ұрыстар жүргізген кезде, содан кейін Москва түбінде қарсы шабуылға шыққанда да совет танк бөлімдері мен бөлімшелері маңызды роль атқарды. Неміс фашист өскерлеріне Москва түбінде берілген соққы гитлерлік «қауыр соғыс» жоспарын шұйретіп, фашист армиясының жеңілмейтіндігі туралы бымырлық жоққа шығарды.

Біздің өскерлеріміздің Сталинград түбіндегі шабуылы ірі танк құрамаларының ерлік қиймыларының үлгісі болып табылады. Сталинград операциясында Советтік Жоғарғы Вас Командование ірі танк құрамаларына және механикаландырылған өскерлерге ерекше маңыз берді. Танк және механикаландырылған құрамалар жаудың терең қорғаныс шебін бұзып өтіп, фашист өскерлерінің 330 мыңдық үлкен тобын қоршауға алды.

Бүрк түбіндегі шайқаста біздің танк бөлімдері мен құрамалары өздерін өшпес жауынгерлік даңққа бөледі. Бұл үлкен шайқаста екі жақтан да 10 мыңға жуық танк қақты. Жау шабуылға 17 танк дивизиясы, 9 моторландырылған және 18 жау өскер дивизиясын шығарды. Бұл шайқастың қаншалықты қосымшасыз екендігін болғандығын, мәселен, мына деректер дәлелдейді: 5 июльден 6 августқа дейінгі бір айдың ішінде гитлершілдер 4600 танкі мен өздігінен жүретін зеңбіректерінен айырылды.

Танктерді топ-тобымен жаспай қолдану тәжірибесін пайдалана отырып, совет танкшілері одан әрі жүргізілген ұрыстарда Отан соғысының шежіресіне көптеген даңқты бет қосты. Жауға қуатты соққылар бере отырып, біздің өскерлеріміз танк және механикаландырылған құрамалардың көмегімен оның қорғанысын бұзып отырды. 1944—1945 жылдардағы науқанда танктерді қатыстыра отырып, соққылар беру және жауды қоршау ниетімен маневр жасау бронетанк өскерлерінің жауынгерлік қиймыларындағы жетекші, негізгі формаға айналды.

Корсунь — Шевченковский түбіндегі операцияда танк және механикаландырылған құрамалардың белсенді қатыстырылуымен совет өскерлері жаудың 110 мың адамдық тобын қоршауға алып, 14 желудің ішінде тас-талқан етті. Белорус операциясында совет танкшілері майданды бұзып өткеннен кейін шегінген жауды 500 километрге дейін өкшелей қуып, біздің басқа да өскерлерімізбен бірлесіп қиймын жасап, Белорусияның астанасы Минскіні азат етті.

Бронетанк өскерлері соғыстың соңғы кезеңінде сол роль атқарды. Бұл

Александр Силачев пен Максим Дмитриев өздерінің жауынгер машиналарымен колоннадан кейіндеу қалып жүріп отырды. Жау жаққа барлау жасап келе жатып, Силачев көкжиекте қозғалып келе жатқан қара ноқаттарды байқап қалды. Ол дереу танк жүргізушіге машинаны тоқтатуға бұйрық берді. Жау колоннасын басқа танктің командирі офицер Дмитриев те көрді. Жаудың 80 шақты танктері келе жатыр еді. Ал бұлар еңсеу ғана. Совет танкшілері фашистерді ұрыспен қарсы алуға ұйғарысты. Тиімді позицияны таңдап алып, олар жау колоннасын бір орында тұрып, атқылауға дайындалды. Арадағы қашықтық 800 метрдей болған кезде алғашқы оқ жаудың еңбегін кейін-ақ фашистердің алдыңғы танкі қыратылды. Жау танктері жолдан бұрылып, біздің танкшілерге оқ ата бастады. Бірақ фашистер совет танктерін көрмегендіктен оқтарын жобамен ғана жіберіп отырды, ал біздің танкшілер жау машиналарының бірінен соң бірі өртеп берді. Арттан көмек келгенше біздің екі танк фашистердің 22 танкіні қыратып, өрнеп жіберді.

Ұлы Отан соғысында біздің Солтүстік Қазақстан облысынан барған танкшілер де ерліктің тамаша үлгілерін көрсетті. Запастағы танкшілер подполковник С. В. Данченко, майор М. Г. Гетманский, техник-лейтенант В. А. Филимонов және басқа да жолдастар Советтік Отанның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы ұрыстарда көрсеткен ерліктері үшін жоғары үкімет наградаларын алды.

Совет халқының Отан соғысындағы ұлы жеңісін советтік қорғандық және мемлекеттік құрылыс қамтамасыз етті. Бұл құрылыс еліміздің барлық еңбекшілерін жауға соққы беруге жұмылдырудың ең жақсы формасы болып табылды. Социалистік құрылыстың артықшылықтарын пайдалана отырып, тыл еңбекшілері жауды экономикалық жағынан жеңіп шықты. Тылдағы еңбекшілердің күш-жігері арқасында Совет Армиясы қару-жарақ пен жауынгерлік техникасы жағынан жаудан әлдеқайда басым болды. 1944 жылы біздің өскерлеріміз танктермен соғыстың басына дейінгідей 7—8 есе көп жабдықталды. Соғыстың аяқ кезінде бізде танктердің саны 15 есе артты. Соғыстың соңғы үш жылы ішінде еліміздің өнеркәсібі 90 мыңнан астам танк, өздігінен жүретін установкалар мен бронемашиналар жасап шығарды. Демек мұның өзі Германия өнеркәсібі өндірген танктерден екі есе көп болды. Соғыс жылдарында бір ірі заводтымыздың өзі ғана Совет Армиясына 18 мың танк және өздігінен жүретін артиллериялық установка, 48,5 мың танк дизель моторларын берді.

Біздің конструкторларымыз соғыс же-



Іле сыртындағы Алатау тауларында Қазақ ССР Ғылым академиясының физика-техникалық институты экспедициясының жоғары аулық лабораториясы орналасқан. Ол космос сәулелерінің күшімен ядролық жарылуларды зерттейді. Бұл бірқатар элементтердің күрделі атомдарының ішкі құрылыстарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

СУРЕТТЕ: кіші ғылыми қызметкер Г. Туров (алдыңғы қатарда) және радиотехник К. Заковрынин кезектегі тәжірибені тексеріп тұр. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

## Жастар, шахталарда жұмыс істеуге барыңдар!

ҚАРАҒАНДЫ, (ҚазТАГ), Бүкілодақтық үшінші көмір ошағы кәсіпшілерінің қатарына шегін қосылуға тілек білдірген Алматы жастарының патриоттық бастамасын Қарағандының шахтерлері орасан зор қанағаттанғандықпен қабыл алды. Басөкімнің кәсіпорындары жас патриоттарды қарсы алуға әзірленуде. Жатақханалар мен интернаттар жөнделуде, жас ұрпақтың жақсы мәдениетті демалуына жағдайлар туғызылуда.

—Жастар жақсы іс бастады, —дейді № 31 —бис шахтасының атакты қомбайншысы Социалистік Еңбек Ері Бөшір Нұрмағамбетов. Біздер, қарт шеншілер, оларға көмектесеміз, көп жылдар бойына жыйнақтаған тәжірибеміз бен білімімізді үйретеміз. Шахтер мамандығын от жүректі, жарқын, айқын ойлы жас адамдар —жосомолецтердің мұра етіп үйренетіндігін сезіну сүйсінерлік іс.

Өнімнің өзіндік құны екі есе кемітілі

БАЛҚАШ, (ҚазТАГ). Механика цехы—

Барлық жаздық егіс танабы үшін зябь жеткілікті көтерілсін!

## Совхоздарда зябь қолайлы мерзімде жыртылсын

Партиямыз бен үкіметіміз колхоздар мен совхоздарда егінді күші бұрын жыртылған пар мен зябьке орналастыруды қамтамасыз етуді жергілікті партия, совет ұйымдарынан және ауылшаруашылық органдарынан қатаң талап етіп келеді. Өйткені пар мен зябь —егіннен мол өнім алудың ең қолайлы және негізгі жолы. Бұған бір мысал. Быйыл көктемде Докучаев атындағы, Держинский атындағы, Украин совхоздары егіс жұмыстарын уақытқа созды. Мұнда көктемнің алғашқы күндерінде пар мен зябьке егілген дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 10—15 центнерден өнім жыйналды. Ал егіс егу көш жүргізілген учасқоларда егіннің гектарынан небары бір-екі центнерден ғана өнім алынды. Мұның өзі егістікке арнап жерді жөп әзірлеу арқылы көктемгі егісті агротехникалық ең қолайлы мерзімде өткізуге болатындығын, сөйтіп мол өнім алудың берік негізі қаланыптығын көрсетеді.

Облыстың көпшілік совхоздары зябь жыртуды осылайша ұйымдастырып та отыр. Мысалға, тыңда үстіміздегі жылы ғана ұйымдастырылған «Молодежный» совхозын алуға болады. Мұнда егін жыйнаумен бірге зябь жырту тыңрылықты ұйымдастырылған. Механизаторлар егін жыйнауда жүрген тракторларды түнгі емената зябь жыртуға толық қатыстыру арқылы өздерінің өзінде жоспарды 57,8 процент орындаған. Осы сыяқты зябь жырту Петропавл, Ленин атындағы, Москворецк және Явленка совхоздарында да қарқынды жүргізіліп келеді.

Бұл совхоздардың зябь жыртуда елеулі табыстарға ие болуын партия ұйымдары мен совхоз басшыларының зябь жыртуға қолда бар мүмкіншілікті жете пайдалануларынан, егіннің сабанын жыйнауды үлгілі ұйымдастыруларынан деп түсіну керек. Аталған совхоздарда зябь жыртудың сапасы жақсы екендігін де айта кеткен жөн. Москворецк совхозында зябь учасқолдың ұзын бойымен емес, көлденең бағытымен жыртылуда. Бұлай еткенде аңыздың тегістелуімен бірге өткен жылы тың көтергенде қалған бірін-саран атқалдар да жойылады. Бұл егін жыйнау кезінде қомбайндардың қалтықсыз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Жерді бұлайша жыртудың тағы бір ерекшелігі сонда, ол жерге тұқым бірқалыпты тереңдікте сіңіріледі де, егін біркелкі көптеп өседі.

Алайда, совхоздардың көпшілігінде зябь жыртудың мүлдем қанағаттанғысыз жүр-

ніне он жыл болды. Совхозда зябь жыртудағы төзгііз жағдай тек Вошилов жолдастың шөріне-көзге мән бермеуінен деп ойлау керек. Степной совхозы жөнінде де осыны айтуға болады. Мұнда зябь жырту жоспары 4,8 процент ғана орындалған. Солай бола тұрса да совхоз директоры Григорьев жолдас зябь жырту қарқынын өрістетуге мәселесін ойластырмай-ақ келеді.

Бұл аталған совхоздарда зябь жырту жұмысының қанағаттанғысыз жүргізілуі недіктен? Оған негізгі себеп — совхоз басшыларының «әлі уақыт жеткілікті, зябь жыртып, үлгереміз» деген зиянды пікірдің шырмауында жүрулері. Бірақ, олар ерте жыртылған зябь астық өнімін арттырудың негізі екенін түсінуге тиіс.

Үстіміздегі жылы совхоздарда жыртылатын зябьтің көлемі өткен жылғыдан үш есе арттық. Рас, өткен жылға қарағанда быйыл шаруашылықтарда техника күші де молая түсті. Сондықтан әрбір совхозда тракторлар зябь жыртуға неғұрлым тиімді пайдалануы керек. Қазіргі уақытта 15 аттық күші бар әрбір трактормен жүз гектардай зябь жырту міндеті тұр. Бұл цифр совхоздарда зябь жыртуға 10 октябрге дейін толық аяқталуына мүмкіншілік бар екендігін көрсетеді.

Партия, жосомол және кәсіподақ ұйымдары трактор бригадаларында партиялық-саяси, үгіт-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетуге, алдыңғы қатарлы механизаторлардың жұмыс тәжірибелерін насихаттап отыруға тиіс. Олар әрбір тракторшының күнделікті жұмыс тапсырмасын біліп отыруға және оның орындауын тракторшының өзіне күнбе-күн айтып отырулары керек. Алдыңғы қатарлы трактор бригадаларына, тракторшыларға Қызыл тулар мен қызыл жалаулар тапсыру және оларды Құрмет тақтасына жазу практикасын жүзеге асыру керек.

Әресе зябьтің сапалы жыртылуына ерекше көңіл аударылыс. Участқолдарды көлденеңнен жырту практикасының шегінен қолдану келесі жылы егіс жұмыстарын және егін жыйнауды едәуір жеңілдетіп қана қоймай, егіннің шығымын арттыратындығы жете өскерісін. Сонымен бірге, зябь жыртуда Мальцев әдісі кеңінен қолданылып, бұл әдіс механизаторлар арасында қызу қолдау табуға тиіс. Зябь жыртуда әресе агрономларға орасан зор міндеттер жүктеледі. Олар бұл іске күнбе-күн басшылық жасап, жұмыстың

өнеркәсібінің ойдағыдай өркендеуі арқасында бейбіт социалистік құрылыс жылдарында біз қуатты қорғаныс өнеркәсібін жасауға мүмкіндік алдық. 1927 жылы-ақ МС-1 жеңіл совет танктерін жаппай шығару басталды. 1930 жылы Т-24 орта салмақты танкі жасалды. Мұның өзі сол кез үшін өте-өте қуатты жауынгерлік машина еді. Кейінгі жылдарда ВТ, Т—26 жеңіл танктері, Т—28 орта салмақты танкі және Т—35 ауыр танкі, сондай-ақ жүзегі жеңіл танктер жасалды. 1939 жылдың аяқ кезінде М. И. Кошкин мен А. А. Морозов бастаған конструкторлар коллективі өзіне теңдесі жоқ атышулы Т—34 танкін жасап шығарды.

Бронетанк әскерлерін аса жаңа жауынгерлік техникамен қаруландыру, сондай-ақ оларды ұйымдастыру формасы мен пайдалану теориясы жетілдіріліп отырды. 1932 жылы ірі танкі және механикаландырылған құрамалар жасалды. Еліміздің алып қарқымен өркендеуімен бірге танк бөлімдерін маман кадрлармен қамтамасыз ету проблемасы да ойдағыдай шешілді. Танк және танк-техникалық училищелер жүйесі кеңейтіліп, бронетанк әскерлерінің Соғыс академиясы құрылды.

\*\*\*

1941 жылы 22 июнде фашистік Германия Совет Одағына шапсыздықпен шабуыл жасаған кезде совет танкішілері барлық жауынгерлермен және бүкіл совет халқымен бірге зұлым жауға қарсы күреске бағыл кірісті.

Фашистік Германияны жеңу оңай болған жоқ. Гитлерлік бас штаб совет әскерлерін шекарадағы шайқаста-ақ бірінші соққымен жойып жіберіп, небары бір-жарым-екі айдың ішінде соғысты жеңіс пен аяқтауға дәмеленді. Жау бұл арада бірқатар артықшылықтарға, соның ішінде танктері мен самолеттерінің сая жағынан біздің танктеріміз бен самолеттерімізден артық болғанына сенді.

Осындай ауыр кезеңде, мәселе ССРО халықтарының не өмір сүруі, не құруы туралы қойылған кезде, бүкіл совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен жауға қарсы күреске аттанды. Фа-

үшін болған шайқаста көптеген соғыс техникасы, оның ішінде 6300-ден астам совет танктері қолданылды. Совет Одағының Батыры атағын екеуі де екі рет алған көзір бронетанк әскерлерінің Маршалы С. И. Богдановтың және танк әскерлерінің генерал-полковнигі М. Е. Катуховтың басқаруымен ірі танк құрамалары Берлинге шығыстан және солтүстік-шығыстан басып кірді, ал Совет Одағының Батыры атағын екі рет алған бронетанк әскерлерінің Маршалы П. С. Рыбалконың және танк әскерлерінің генерал-полковнигі Д. Д. Лелюшенконың танк және механикаландырылған құрамалары қаланы оңтүстік жақтан орап өтті. Әскерлердің басқа да түрлерімен бірге олар неміс фашист армиясын бірінен бірін бөлек екі топқа ажыратып, қоршауға алды. 2 майда Берлин горнизоны өзінің қарсыласуын тоқтатты да, 8 майда фашистік Германияның сөзсіз тізе бүгуі туралы шартқа қол қойылды.

Гитлерлік Германиямен болған соғысты жеңіспен аяқтап, Совет Одағының Қарулы Күштері империалистік Жапонияны да талқандады. Біздің танкішілеріміз жапон милитаристерін талқандауда өздерінің маңызды роль атқарғандықтары, сөйтіп екінші дүниежүзілік соғыстың біржолата аяқталуына үлес қосқандықтарын орында мақтан етеді.

Оған соғысы жылдарында көптеген танк құрамалары өздерін өшпес даңққа бөледі. 1-ші гвардиялық танк бригадасы Москвадан Берлинге дейін даңқты жауынгерлік жолдан өтті. Жауынгерлік істері үшін бұл бригадаға аса жоғары алты үкмет наградасы: екі Ленин ордені, Қызыл Ту ордені, Суворов ордені, Бутузов ордені және Богдан Хмельницкий ордені тапсырылды. Бриганың 19 жауынгеріне Совет Одағының Батыры атағы берілді. Соғыс жылдарында бригаданың 4758 жауынгерлері мен командирлері Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталды.

Күрес шайқасы кезінде біздің бір танк бөлімі командованиең бұйрығы бойынша майданның басқа участоғына ауысуға бетпен келе жатты. Танк бөлімдерінің колоннасын қорғау мақсатымен офицерлер

өзіз жетілдіріп отырды. Көптеген танктер мен өздігінен жүретін артиллериялық установкақалардың жаңа түрлері жасалды.

Совет халқының фашистік Германияға және империалистік Жапонияға қарсы жүргізген батырлық күресіндегі басшы және бағыт беруші күші Совет Одағының Коммунистік партиясы болып табылды. Партия халқымыздың күш-жігерін шыңдап, оны ерліктің, батырлықтың асқан үлгілерін көрсетуге жігерлендіріп отырды.

Партия мен үкмет соғыстан кейінгі жылдарда біздің Қарулы Күштеріміздегі әскер кадрларының жауынгерлік қабілеті мен шеберліктерін арттыра беруге тынбастан қамқорлық жасап келеді.

Быйылғы жылы Танкішілер күні совет адамдарының әр салада қол жеткен табыстары жағдайында қарсы алынып отыр. Быйыл совет халқы зор жеңіске жетті. Өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі бойынша бесінші бесжылдық жоспар мерзімінен бұрын, 1955 жылғы 1 майға дейін орындалды. Совет адамдары СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қарарларымен жігерлене отырып, партияның XX съезін лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарысты барған сайын кеңінен өрістетуде.

Еліміздің экономикасын оған әрі өркендете беру ісіне біздің облысымыздың запарастағы жауынгерлері де өз үлестерін қосуда. Автопорт және тас жолдар министрлігінің № 1 автобазасының шофері запарастағы старшина, СОКП мүшесі В. С. Коротав жолда тасымал жоспарын ай сайын асыра орындап отырады. Ол үстіміздегі жылғы сентябрь айының он жұмыс күні ішінде өзінің өндірістік тапсырмасын 219 процент етіп орындады.

Көзір облысымыздың егін далаларында астықты ысырапсыз жыйнап алу және мемлекет алдындағы парызы өтеу жолында қызу күрес жүріп жатыр. Бұл күреске бұрынғы жауынгерлер де белсене қағысып жүр.

Біздің Қарулы Күштеріміз, оның ішінде бронетанк әскерлері де өз халқының бейбіт еңбегін, бүкіл дүние жүзіндегі адамдардың тыныштығын қырағылықпен күзете береді.

Гвардия полковник М. ПОЛЯКОВ.

### Түсті металдар өндірісіндегі жаңалық

ӨСКЕМЕН, (ҚазТАГ). Қазақ ССР Ғылым академиясының Алтайдағы ғылыми зерттеу кен-металлургиялық институтының қызметкерлері мыстың сапасын жақсартудың және одан қорғасын мен мырышты неғұрлым жақсы айырып алуының аса қолайлы әдісін тапты. Олар металл қорытынды жатқан конверторға мұнайдың қалдықтарын құюды ұсынды. Мұның өзі конвертор ішіндегі температураны арттырады. Мұның нәтижесінде қорғасынның буы штейннен оңай бөлініп шығады. Сынау жұмыстары мырыш

айырып алу —10 процент, қорғасын айыру—20-25 процент артатынын, мыстың сапасы жақсаратынын көрсетті. Ғалымдардың бұл ұсыныстары өндіріске енгізілуде. Ертіс мыс қорыту зауытына арналып арнаулы жабдықтың жобасын жасау аяқталды.

Республика түсті металлургиясының басқа кәсіпорындарының жаңа өнеркәсіптік схемалар мен агрегаттарын жобалаудың негізіне Қазақстан ғалымдарының осы зерттеулері алынды. «Гипроцветмет»

институтының Алтай филиалы Өскеменнің қорғасын-мырыш комбинатына арнап электролитті бір орталықтан салқындататын қондырғының жобасын жасауда. Ол өндіріс процестерін автоматтандыруға, көзіркі өндіріс алаңынан мырыш алуды 7 процент арттыруға мүмкіндік береді. Осы кәсіпорында ғалымдардың қатысуымен жасалған қорғасынды гидрометаллургиялық әдіспен айырып алатын эксперименттік қондырғы жұмыс істей бастады.

Партияның XX съезін лайықты табыстармен қарсы алу үшін жарысқа қосылып, цехтың коллективі бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Штат 12 жұмысшыға айықартылғанмен көзір мұнда бұрынғы өндіріс алаңынан бөлшектер 1950 жылдағыдан 2,2 есе артық шығарылды. Бесжылдықтың алғашқы жылымен салыстырғанда өнімнің өзіндік құны екі есе арзандады. Цех жыл басынан бері 885 мың сом қаржы үнемдеді.

Жабдықты жетілдіруден бөрі пайда алынды. Механик Физкель, слесарьлар Валов пен Красавский жолдастар ДИП—200 және ДИП—300 станоктерінің жылдамдық қоробасы білігінің конструкциясын өзгертті. Бөлшектерді өңдеу 8—10 процент жетілді. Металл жону арқылы бөлшектерді қалпына келтіру кеңінен қолданылады.

## Аспап цехының жаңашылдары

Еңбек күнінің соңғы минуттары етіп жатты. Илья Ковалев үйреншікті қаймылмен станокты тоқтатты да, әзір болған детальды қолына алды.

—Дайым, —деді ол қасына келген ағатокар Анатолий Петровка, жаңа ғана жасап шығарған фрезаны тумбочканың үстіне жайлап қойып жатып.

—Көріңіз. Петров фрезаның мінсіз жасалғанын көрді де, әулімісрей тұрып Ильаның қолына қысты.

—Табысымен құттықтаймын! Бүгін екі еменнің тапсырмасын орындадың.

—Рахмет! . . . Білесің бе, Анатолий, екі норма дегенің табыс шегі емес қой. Бұдан да көбірек істей алатын сыяқтымын. . . Тек көршілер қол бөлемесе. . .

Петров оның сөзінен көмектесуді өтініп тұрғанын байқады.

—Жақсы, Илья, ойластырайық, —деді ол.

Оның бұл сөзі аяқсыз қалған жоқ. Петров көршілес участоктің жұмысшыларымен сөйлесіп, шлифовщиктерге түсетін детальдарды алдын-ала өңдеуді едәуір жеделдетуді келісті. Өңделетін детальдардың мезгілінде үздіксіз келіп тұруы Ковалевтің күн сайынғы нормасын 280—300 процент орындауына мүмкіндік берді. Ал кейде көрсеткіш 350 процентке дейін жетті. Бұл фреза сыяқты күрделі детальды өңдеуде аса жоғарғы көрсеткіш еді.

Бір маманның жұмыс көрсеткіштерінің айырмашылығы мұншалық зор болуы сыры неде? Илья Ковалев бұл сұраққа жауап бере отырып былай дейді: ол бұрын жұмыс операцияларын ертеде қалыптасқан тәртіптен жүргізіп, деталь шығарудың технологиясын жетілдірумен шұғылданады.

Шестерняның тістерін өңдейтін фреза

да болмайды. Бұл жағдайды тек қана совхоз директорлары мен партия ұйымдары секретарьларының зыб жұртуға мақтылы басшылық жасамауларынан деп қана түсіндіруге болады. Осы уақытқа дейін Қарағанды совхозында зыб жұрту жоспары небары 1,4 процент ғана орындалды. Совхоз директоры Ворпилов жолдасты зыб жұртудың маңызын түсінбейді деуге бола ма? Әрине, жоқ. Оның совхоз директоры болып қызмет істеге-

сапасына жете назар аударулары керек. Көзіркі уақытта облыс еңбекшілері партиямыздың XX съезіне өндірістік тартулар әзірлеуде. Ал облыс совхоздары механизаторларының съезі құрметіндегі жарысты кеңінен өрістетіп, зыб жұртуды қысқа мерзімде аяқтап шығатындықтарына сенім зор.

В. БОЙЧЕНКО,  
ҚКП облыстық комитетінің совхоздар бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

### ЖОСПАР ОРЫНДАЛДЫ

Сталин атындағы колхоздың (Мамлют ауданы) колхозшылары егін жыйнаумен бірге зыб жұртуды кеңінен өрістеткен болатын. Осының нәтижесінде колхозда зыб жұрту жоспары толық орындалып отыр.

Зыб жұртуда тракторшылар И. Лунов,

Т. Васькин, Б. Ермаков жолдастар зор табысқа жетті. Олар партиямыздың XX съезі құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, еменалық жұмыс тапсырмаларын 120—130 проценттен орындап отырды.

В. КАЗАНЦЕВ.

дайындаудағы күрделі және аса жауапты операция —фрезаны қырынан қырып өңдеу болып табылады. Мұның өзі бірнеше операцияға бөлінеді: ең алдымен фрезаның тістері сыртық шеңберінен тегістеледі. Шлифовка сақиналарымен өңделеді. Сол сыяқты, спиральдері де жеке-жеке өңделуі тиіс. Бұл операциялардың әрқайсысына тиісті үлгідегі сақиналар болуы қажет. Образивтерді орналастыру, станокті қайта жабдықтауды талап етеді, сөйтіп көп уақыт алады.

Мұндай технология Илья Ковалевті қанағаттандырмады. Шлифовщик озат токарлардың, фрезировщиктер мен бұрғылаушылардың, металл өңдеуші басқа да мамандардың жұмыс әдістерін өрттеді, көптеген тәжірибелер жасады. Олардың кейбірі нәтижесіз де болды. Бірақ Илья оған мойымады, іздене берді.

Илья көп уақытқа дейін фреза қырының дәл шығуына жетісе алмады. Кейін мұның сыры да ашылды: тескеннен кейін шлифовка дөңгелегінде көзге бірден шалына қоймайтын бұдырмақтар қалып қалып болған. Бұл жойылғаннан кейін тағы бір қыйыншылық туды. Жұмыс кезінде образив қажалып қалады. Соның салдарынан фрезаның соңғы «жіптері» бастапқыларынан толығырақ болып шығады. Мұны болдырмау үшін Ковалев әрбір фрезаны әртүрлі әдіспен өңдейтін болды. Алдымен ол детальды жақсылап тегістеп алады. Содан кейін шлифовка сақинасын қажетті формаға келтіреді де, детальды шлифовкалайды. Алдын ала тегістеп алу детальдың жоғары дәлдікте болуын қамтамасыз етеді. Шлифовщиктің бұл ізденуінің нәтижесі күткеннен асып түсті. Оның еңбек өнімділігі көзір төрт еседен де асып отыр.

Озат шлифовщик өз жұмысына бұдан басқа да көптеген жаңа әдістер енгізіп

жүр. Күрделі штамптарды өңдеуді жеңілдететін бірнеше аспаптар жасады. Оларды өндіріске өлгізу шлифовка жұмыстарын тездетіп, сапасын жақсартуда. Шағын двигательдер зауытының барлық жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері СОКП XX съезі қарсаңындағы социалистік жарысқа қосылған. Бұл күндері Ковалев бұрынғысынан да қажырлы еңбек етуде. Оның өңдеген детальдары тек қана жоғары баға алады. Еңбекте озат, ізденгін шлифовщик көзір 1962 жылдың есебіне жұмыс істеуде.

Шағын двигательдер зауытының аспаптар цехында мұндай жаңашылдар аз емес. Шалшаңдатылған әдіспен жұмыс істейтін токар Александр Потехин металл жонудың үнемшілдік тәртібін цехта бірінші болып қолданды. Бұл үнемшілдік тәртіптің экономикалық пайдасы аса зор. Жаңалықты цех токарларының жаппай қолдануының нәтижесінде соңғы 5 жылдық ішінде еңбек өнімділігі 30 процентке артты.

Александр Потехин—детальдардың көптеген түрлерін меңгерген токар. Оның станогінде металл жесудің шапшаңдатылған, одан кейін қалың жону әдістері бірінші болып жұмысқа енгізілді. Металл жонуды аса жоғары шапшаңдықта жүргізу жоғары өнімді, қатты қоспалы жонғыш аспаптарды пайдаланудың нәтижесінде ғана мүмкін болды.

—Жұмыс үстінде жоғарыдағы екі әдісті бір-біріне толықтыра отырудың және жұмыс уақытын үнемдеп жұмыс өзінің жақсы нәтижесін берді. Жас токардың еменалық көрсеткіші 280—300 процент, ал өнім сапасы әрқашан да өте жоғары баға алады.

А. ҚАЗЫБЕКОВ.

# Малдың шөбі мол, қорасы жылы әрі жайлы болсын

## Тәжрибелі шопан

Тасболатов жолдас көп жылдан бері Приешім совхозында шопандық міндетті атқарып келеді. Ол өз міндетіне сондай ұқыптылықпен қарап, совхоздың мал шаруашылығының өркендеуіне келеді үлес қосуда.

Өткен жылы ол қарамағындағы саулықтардан жаспарды қозы алып, әрбір қойдан 2,5 килограмнан жүн қырыққан болатын. Ол үстіндегі жылы да жөрнекті табысқа ие болды. Олардағы әрбір 100 саулықтан 100 қозы өсіріп, әрбір қойдан 3.058 килограмм жүн алды.

Тасболатов жолдасың еңбегі жыл сайын жоғары бағаланады. Ол бийбылтын өзінде Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат болып қатысып, еліміздің атақты мал өсірушілерінің жұмыс тәжрибелерімен танысты.

Шопан Тасболатов жолдас қол жеткен табысты баянды ете отырып, желесі жылғы әрбір 100 саулықтан 110 қозы өсіруге және әрбір қойдан алынатын жүннің мөлшерін бийбылтынан едәуір арттыруға міндеттеме алды және оны орындау жолында қажырлы еңбек етіп жүр.


Тәжрибелі маман өзінің жұмыстағы еңбегін совхоздың басқа да шопандарына айтып, түсіндіріп отырады. И. Аканов, К. Құрманбаев және Б. Қасенов жолдастар совхоздағы озат шопандардың тірбеген саналса, олар мал бағуды Тасболатов жолдасқа үйренгендер. Бұлар да өздерінің еңбекте жоғары табыстарға жеткендері үшін Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға кандидат болып отыр.

В. КОЛЕСНИКОВ.

## Колхоз мал өсірушілері

Хрущев атындағы колхоздың (Приешім ауданы) колхозшылары бийыл қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жүресінде едәуір жұмыстар істеп отыр. Мал басы өткен жылғыдан көбейіп, өнімділігі артты. Мұның өзі мал өсірушілердің СОКП январь Пленумы қаулысынан нақтылы қорытынды шығарғандықтары көрсетеді.

Колхоз мүшелері, әсіресе, сыйырлардың құнарлылығын арттыруда бірқатар табыстарға ие болды. Жаз басынан мал бағушылар сауын сыйырларды шөбі шүйгін жайылымдарда тәулік бойы жайып бақты. Олар жайылымдарды кезеңмен пайдалану әдісін қолданды. Бұл істе малшы С. Қасенов жолдасың еңбегі ерекше оор. Колхоз сауыншылары сыйырларды саууды және күтуді зоотехниканың талаптарына сай ұйымдастырып, сауылған сүт мөлшерін өткен жылғыдан едәуір арттырды. Сауыншылар Е. Қасенов пен М.



Преснов ауданындағы «Трудовой гурток» ауылшаруашылық артелінде малдың, әсіресе сауын сыйырлардың күзгі жайылымы ойдағыдай ұйымдастырылған. Малдарды жайылымда бағуды дұрыс ұйымдастыру нәтижесінде колхозда көздің өзінде әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 1296 литрден сүт сауылды.

СУРЕТТЕ: сауын сыйырлар күзгі жайылымда.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Жемшөп дайындаудағы баяулық

Совет ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысынан нақтылы қорытынды шығара отырып, қоғамдық мал үшін алдын-ала жемшөптің берік қорын жасау ісіне қолда бар мүмкіншілікті тиімді пайдалана білді. Осының нәтижесінде оларда жемшөп дайындау жоспары толық орындалды. Мәселен, Ленин атындағы колхоздың колхозшылары жемшөп дайындауға дерезесіне кірісіп, оны үзілсіз жүргізді. Көзір бұл колхозда 25 мың центнерден астам жемшөп өсіріледі. Аманкелді атындағы және «Көктерек» колхоздары да жемшөп дайындауда осындай табыстарға ие болып отыр.

Бұл фактілер аудан колхоздарында жемшөпті мол өсіруге мүмкіншіліктің жеткілікті екендігін көрсетеді. Бірақ аудан басшылары жемшөп дайындауда озат колхоздардың тәжрибесін басқа колхоздарға тарата алмады. Сол себепті ауданның колхоздарында жемшөп дайындау өте-өте қанағаттанғысыз болып отыр.

Шағлы МТС-нің қамтуындағы колхоздарда жемшөпті жеткілікті мөлшерде дайындап алуға күш-мүмкіншілік жеткілікті. МТС-те техникалық қуатты да аз емес. Колхоздарда шабындық жерлер де көп. Бірақ осы мүмкіншіліктерді «Путь к коммунизму», Сталин атындағы және «Северный берег» колхоздары пайдалана алмай келеді. Аталған

да осындай. Мұнда жоспардың орындалуы 40 процентке де жетпейді. Колхоз председатели Әубаев және Совет МТС-нің директоры Лымарь жолдастар жемшөп дайындауды тездетуді, оған басшылық жасауды жақсартпай-ақ келеді.

Аудан жемшөп сүрлеуде көшірегіз артта қалып отыр. Мұнда сүрлем өзірлеу жоспарының үштен бірі де орындалмап жоқ. Оның үстіне жемшөп сүрлеудің сапасы нашар. Колхоздардың біразында жүгерінің өнімі шешендікпен траншеяларға салынды. Сартомар және Шағлы МТС-терінің қамтуындағы колхоздарда сүрлем азыққа көл құрағын пайдалану қолға да алынбаған.

Аудан колхоздарында он мыңдаған гектар егін жыйналды. Бірақ 15 сентябрьге дейін оның небары 9 мың гектарының сабаны жыйналды. Бұл жұмыста, әсіресе Сартомар МТС-нің қамтуындағы колхоздар артта қалып қойды. МТС қамтуындағы «Новый быт» колхозында осы уақытқа дейін үш мың гектарға жуық егін жыйналса да, оның 120 гектарының ғана сабаны майланған. Шағлы МТС-нің қамтуындағы колхоздарда да егіннің сабаны мен топаны кезінде жыйналарандықтан жауын-шашынға тиіп, шіріп-бұлінуде.

Дайындалған пішенді мал қоралары қасына тасып алу шөптің сапасы жақсы болуына және малдытатуды үлгілі өткізуге келеді үлес қосады. Бұл жөнінде

## Уақыт жетсе де басшылар асығар емес

Полудин ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында қоғамдық мал шаруашылығын онан өрі өркендетуге зор мүмкіншілік бар. Демек, колхоздың жайылымдық және шабындық учаспектері жеткілікті. Бірақ колхоз басшылары осы мүмкіншілікті толық пайдаланбай келеді.

Алдымен колхозда мал шаруашылығының өнімділігі нашар. Мұнда 1954 жылдың 1 октябрінен үстіндегі жылдың 1 сентябріне дейін әрбір сауын сыйырдан небары 1101 литрден ғана сүт алынды. Сондай-ақ мал өсіру жоспарының орындалуы да қанағаттанарлық емес. Бүгінге дейін мал өсірудің жоспары бірде-бір түліктен орындалған жоқ. 121 қарамал, 167 қой, 70 шошқа жоспарланған мөлшерден кем.

Колхоз басшылары алдағы жылы мал шаруашылығын өркендету мақсатымен жемшөп дайындауды, мал қораларын жөндеуді және жаңадан қора салуды кезеңнен өрістетуге керек еді. Көзіргі істің жайы бұған көрсінше. Жемшөп дайындау жоспары 39 процент, жемшөп сүрлеу жоспары 20 проценттей ғана орындалып отыр. Колхоз басқармасы бийыл жаңадан шошқа қорасын салуды жоспарлаған болатын. Рас, ол қораның құрылыс жұмысы бұдан біржарым ай бұрын аздап жүргізілді. Солан кейін колхоз басқармасы жұмыс адамдары жеткіліксіз деп құрылысты мүлдем тоқтатып қойды. Ескі қораларды жөндеу қолға да алынбаған. Колхоз председатели Служкий жолдас «егін жыйнау маусымы аяқталған соң мал қораларын жөндеуді қолға аламыз» деген зиянды пікірдің шығаруында жүр.

«Красный октябрь» колхозының басшылары да мал шаруашылығын өркендетуге нақтылы басшылық жасамайды. Колхоз председатели Шипицкий, партия ұйымының секретары Федотов жолдастар мал басын көбейту, оның өнімділігін арттыру жөнінде аудандық партия комитеті мен Совет атқоміне құрғақ уәде берумен істі тындырып келеді. Олар өткен жылы да мал қыстатуды табысты өткізе алмаған-ды. Бийыл малдың жағсы жайылымды да дұрыс ұйымдастырмады. Осының салдарынан төлдің көптеген шығыны болып, колхозда қой өсіру жоспары 76 процент, шошқа өсіру жоспары 40 процент ғана орындалды. Қарамал өсіру жоспарының орындалуы да нашар. Амане, колхоз басшылары бұл кемшіліктерден қорытынды шығармай отыр. Мал шаруашылығы жылының өткен 11 айы ішінде әрбір сауын сыйырдан 740 литрден ғана сүт алынды.

## КИНО

# „Өмір сабағы“

Біздің киностудиямыздың сүйіспеншілік тақырыбына арналған кинофильмдерінің ішінде жұртшылығымыз бұдан бірнеше жыл бұрын экранда көрсетіле бастаған «Машенька» фильмі сүйіспеншілікпен, қанағаттанғандық сезіммен атайды. Осы фильмінің авторлары—режиссер Ю. Райzman мен сценарист Е. Габрилович жолдастар жасап шығарған көркем суретті түрлі-түсілі фильм—«Өмір сабағы» көзір қаламыздың кинотеатрларында көрсетіле бастады.

Кинофильмінің авторлары осы фильм арқылы еліміздің кейбір жастарының өмірінде кездескен оқиғаларды жыйнақтай көрсетпек болады, мұндағы геройлардың махаббат, еңбек мәселелеріндегі жетістік, кемшіліктерін көрсете отырып, оны жастарымыздың алдына үлкен сабақ ретінде ұсынысы келеді.

Астанамыздың бір институтының студенткасы Наташаны инженер Сергей Ромашко сүйеді. Наташа оқуын бітірмей Сергейге тұрмысқа шығып, онымен 5 жылдай бірге тұрады. Бұлардың шағын семьясының үшінші мүшесі—баласы да болады. Сөйтіп семьялық тұрмыс алғашқы да өте тату, қуанышты, көңілді өтіп жатады.

Өзінің қызметіне шексіз берілген, қоғамдық еңбекке адал, барлық жақ білетін халық игілігіне арнаған, бірақ «өз айтқаным ғана болсын» деп, басқалардың пікірлерімен санаспайтын Сергей Ромашко көп кемікпей-ақ Наташадан да, өзінің жұмысына достарынан да алыстай бастайды.

Сергей Ромашкодан бөлінген Наташа институттың қалған курстарын бітіріп шықпақ болып қайтадан оқуға түседі. Сөйтін ақыры ол өз мақсатын орындан шығады.

Ал, Сергей болса Харьковке ауысқаннан кейін де өзінің бұрынғы мен-меншіл мінезінен арылмайды. Осы мінездік өсірінен үлкен қателесушілікке ұшыраған Сергей Ромашконы партия қатарынан шығару мәселесі қойылып, ол енді проаб (құрылыс жұмысын басқарушы) болып жұмыс атқарады. Сергей Ромашконың өмір жолы осындай. Фильмдегі бұл геройдың өмірі алға басу, даму емес, қайта қателесушіліктің салдарынан алғашқы беделінен, жақсы қадамынан айрылады.

Сергей Ромашконың роліндегі артист Иван Переверзев бұл образды асқан шабытпен ойнап, ойдағыдай шығарған. Сергейдің іске таланттылығын, өзеттік, менменшіл асқақ мінезін артист қанымы етіп көрсетеді. Әсіресе өзінің өткендегі қателіктерін мойындап, енді өзінің сүйгені Наташадан қайрат, ерлік берерлік күш күтетіндік эмоцияларын И. Переверзев суретлі жеткізе біледі.

институтты бітірместен тұрмысқа шығады, сонымен қатар Сергейдің өз ісіне шың берілген, сол қоғамдық еңбек жолында басқаның бәрін өсінен шығарып жіберетін мінезін түсінетін, оның ақылшы көмекшісі ретінде көрінбейді. Наташаның өз өміріне ризалығы, қуаныштылығы экранда байқалмайды. Қайта ол Сергеймен семьялық тұрмысты амалсыздан өткізіп жүргенге көбірек ұқсап кеткен.

Бірақ Наташа образында тұрақты махаббаттың күшті сезімі, кемшірмділік, қайырымдылық, өзінің қателіктерін тез түзеуге ұмтылу, жолдастарын сыйлау қасиеттері басым көрсетілген. Сондықтан бұл образ Сергей образына қарағанда фильмде едәуір өсу жолында көрінеді.

Жас артистка В. Калининна Наташа бейнесін дұрыс көрсеткенімен Наташаның ішкі сезімін көбінесе бірқалыпты, кеңісіз кейште ғана береді.

Сол сыяқты, бұл фильмдегі Костя (артист Т. Буликков), Рая (артистка О. Аросева) бейнелері де жақсы шыққан.

Фильмнің авторлары Е. Габрилович, Ю. Райzman «Машенька» атты фильмді жасауда да өздерінің нәзік психологиялық суреттердің тамаша шеберлері екендігін танытқан еді. Бұл фильмде де осындай әсерлі, қанымы кадрлар жасай алған. Сергей жасаған жоба бас инженердің кабинетінде талқыланып жатқан кезде оның сағатқа қарай салып, сағат 11-де жол жүретін Наташаны шығарып салуға егін қалауы бір өзеннен жасанды оқыйға сыяқты. Бірақ ұйтқымалы мінезді, жолдастарын тыңдамайтын Сергейдің бұл ісіне көруші еріксіз сенеді. Өйткені авторлар бұл геройдың іс өрекетін оның жеке басының психологиясына сай етіп құрған.

Мұндай жақсы эпизодтар, индустриялық пейзаждар, өндіріс тақырыптары, кейбір адамдардың тосыннан көрсетілуі негізгі геройлардың ішкі сезімдерін, махаббат тақырыбын аша, айқындай түсу үшін алынған. Ол кадрлардың бірде-бірі артық деп айта алмайсыз.

Дегенмен фильмде артық эпизодтар да жоқ емес. Мәселен, Сергейдің вагон купесінде бір инженермен кездесуі, Наташаның өскі досы актриса Лилиямен өңгімелесуі мүлдем орынсыз көлтірілген. Ол кадрлар болмаса да фильмнің мазмұнына ешқандай нұқсан келмес еді.

Сондай-ақ мұндағы Костя мен Раяның өздерінің досы Наташаның қайғысына ортақтауы, етан қамқорлық жасауы өте орынды болса да, Наташа мен Сергейдің қателіктерін көрсетіп, оларды түзеуге дұрыс ақыл айшаулары да көруші жұртшылықты қызықтытады.

Біздің елімізде кинофильмдер еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу ісінде зор маңыз алады. Кейбір аталған кем-

Гусева жолдастар қажырлы еңбек етіп, жылдық жоспарды мерзімінен екі ай бұрын орындап шықты.

Сауыншылар сыйырлардың құнарлылығын мал қыстауы кезінде де жазғы маусымдардан кемішеуге міндеттеніп отыр. Бұған қолхозда қажетті жағдайлардың бәрі де бар. Жемішпен жеткілікті. Сол сыяқты, әрбір сауын сыйырға 50 центнер сүрлем әзірленген.

Бұл күндері мал өсірушілер өздерінің барлық жұмыс мүмкіншіліктерін мал қораларын жөндеу, қоралар қасына жемішпен тасу жұмыстарына жұмылдырған.

**А. ҚАСЫМОВ.**

жартылай да орындалған жоқ. Солай бола тұрса да қолхоз басшылары соңғы кезеңде шөп шабууды мүлдем тоқтатып қойған.

Сартемар МТС-нің директоры Макаров жолдас МТС қамтуындағы қолхоздарда жемішпен жеткілікті деп лепірген болатын. Тіпті ол «Новый быт» қолхозында 11 мың 850 центнер жемішпен әзірленіп, «жоспар 106 процент орындалды» деп жалған мәлімет беруге дейін барды. Ал шынында жағдай директор айтқандай болмай отыр. «Новый быт» қолхозында жемішпен дайындау жоспары орындалған жоқ.

Совет МТС-нің қамтуындағы «Борьба за коммунизм» қолхозындағы істің жайы

да қызу жұмыс жүргізілуде. Көздің өзінде дайындалған пішеннің 60 проценті қоралар қасына тасып алынды.

Ауданның кейбір қолхоздары шабылған шөпті жыйнап, маялауды да ұйымдастырмаған. Аудан бойынша 3974 гектар шөп шабындық күйінде жатып шіріп-бүлінуде. Мұның 2440 гектары Шағлы МТС-нің қамтуындағы қолхоздарда.

Ауданның МТС-тері мен қолхоздары қолда бар мүмкіншілікті жемішпен қорын толықтыру жұмысына пайдалануға міндетті. Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету мүддесі осыны талап етеді.

**С. КАЮМОВ.**

маусымына 22 мың центнер жемішпен көрек болса, одан 12 мың центнер ғана жемішпен әзірленген. Жаңадан мал қораларын салу, ескі қораларды жөндеу мүлдем қанағаттанғысыз жүргізілуде.

Малдың қолда-қорада бағылуына көп уақыт қалған жоқ. Сондықтан аталған қолхоздардың басшыларының мал шаруашылығына нақтылы басшылық жасайтын, мал қыстауға әзірлікті тездететін уақыты жетті.

**Б. ЖАҚЫПОВ,**  
(Өз тілшіміз).

машалығымен сүйсіндіре алмайды. Ол өзінің ерік қайратының әлсіздігінен

шыққан.

**Ә. МУСАХАНОВ.**

## «Ленин туының» дабылынан кейін «АМАЛСЫЗДАН АҒАШ КӨПІР»

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 18 сентябрьдегі номерінде жарияланған тілші хатында Григорьевка селолық Советінің председатели Литвин жолдасының еңбекшілердің тұрмыстық қажеттерін өтеуді ойдағыдай ұйымдастырмай отырғандығы сыналған болатын. Еңбекшілер депутаттары Совет аудандық Советі ат-

комі председателинің орынбасары Шалғынбаев жолдас редакцияға былай деп хабарлады:

Мақалада көрсетілген фактілер анық. Жалтыр ауылында тұрушыларды ауыз-сумен қамтамасыз ету үшін жаңа құдық қазыла бастады. Ол 10 октябрьге дейін пайдалануға берілме.

# БИРМА ЖӘНЕ ОНЫҢ САЯСАТЫ

Советтік Социалистік Республикалар Одағы үкметінің шақыруы бойынша Бирман Одағының премьер-министрі У Ну ізгі ниетті сапармен 1955 жылы октябрь-ноябрьде Совет Одағына келеді. Бұл сапар, Бирма баспасөзінің атап көрсетіп отырғанындай, бирман халқының Совет Одағына және оның халықтарына деген достық сезімдерімен байланысты.

Дүние жүзіндегі ең көне елдердің бірі Бирма Индо-Қытай жартыаралының оңтүстік-батыс бөлігіне, Оңтүстік-Шығыс Азияға орналасқан. Оның территориясы Англияның территориясынан екі еседен де артық үлкен. Бирманың 19 миллион тұрғын халқының үштен екісіне жуығы бирмандар, ал үштен біріне жуығы карен, чин, мон, качин және басқа халықтар. Елде сондай-ақ миллионға жуық индиялықтар, 160 мыңдай қытай және 25 мыңдай ағылшын тұрады. Халықтың төрттен үштен астамы будда дінінде. Бирманың астанасы Рангун—елдің ең ірі, 700 мыңнан астам халқы бар қаласы.

Бирма— аграрлы ел. Оның халқының 90 проценттейі селолық аудандарда тұрады, ал 70 проценті егіншілікпен, негізінен алғанда, күріш өсірумен шұғылданады. Екінші дүниежүзілік соғыстың алдында жұмыс аталатын 8,1 миллион гектар алаңның 5 миллион гектарына күріш егілетін. Күріш өндіру жылына орта есеппен 7 миллион тоннаға жетіп, оның 3—3,5 миллион тоннасы сыртқа шығарылатын еді. Күрішті сыртқа шығарып сату жөнінен Бирма соғысқа дейін дүние жүзінде бірінші орын алып тұрды.

Соғысқа дейін ағылшын монополистері тиге ормандарын пайдалану жөнінде көптеген жұмыстар жүргізді. Бирман тикін (тик— кеме жасау өнеркәсібінде зор роль атқаратын бағалы ағаш материалы) сыртқа шығарудың дүниежүзілік экспорттағы үлесі 75 процент болды.

Бирма пайдалы кенте, оның ішінде мұнайға, вольфрам, қалайы, қорғасын,

цинг рудаларына бай. Вольфрам рудасын шығару жөнінен Бирма соғысқа дейінгі жылдарда дүние жүзінде екінші орын алып келді. Соғысқа дейін мұнай промиселдерін және руда байлықтарын пайдалану толығынан дерлік ағылшын компанияларының қолында болды.

Англия Бирманы XIX ғасырда жаулап алды. 1886 жылы Бирма Британ Индия-сы провинцияларының бірі ретінде Британ империясының құрамына енгізілді. 1937 жылы Бирма Британ империясының жеке отары болуға статус алды.

Бирманы және оның табиғат байлықтарын ағылшын империалистері қанап, пайдаланып отырды. Ұлттық бирман капиталы шетқармай болып келді және өз дамуында елді отарлық құлданудан туган елеулі кедергілерге иеліге берді. Бирман капиталының өрісі күріш тазарту өнеркәсібінің ұсақ кәсіпорындарынан, сондай-ақ кей жағдайда ағаш өңдеу және тамақ өнеркәсібінен әрі аса алмады. Бұл жағдай елдің экономикасына үлкен етуші ағылшын монополистері мен жергілікті ұлттық буржуазия арасындағы экономикалық қайшылықтарды күшейтпей қоймады.

Бирмадағы антиимпериалистік қозғалыс 30-жылдардың екінші жартысында неғұрлым ұйымдасқан түрге ене бастады. «Такиндер» қозғалысы («такин» — мырза немесе қожайын; мұнда бұл сөз бирмандар өз елінде өзі қосқа болуға тиіс деген мағынада қолданылған) олардың «Добама» ұйымын құруына алып келді. Бұл ұйымға бирман халқының неғұрлым алдыңғы қатарлы өкілдері енді.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде «такиндер» Батыс пен Шығыстағы фашизм мен агрессия күштеріне қарсы бағытталған жалпы күреске Бирманы қатысуын жақтаған пікір айтты. Сонымен бірге «такиндер» соғыс біткеннен кейін Бирмаға тәуелсіздік берілетін деген талап та қойды. Ағылшын үкметі Бирмаға жапондардың басып кіруі қарсаңында бирман демократтары жашай

тұтқынға алып, бұл талапты аяқсыз қалдырды. Бирманың көзірмі премьер-министрі У Ну «Бирма жапондар билігінде» деген өзінің кітабында, Бирмаға 1941 жылы декабрьде жапондар басып кірген кезде ағылшындық отар езгісіне қарсы күреске қатысқан неғұрлым көрнекті адамдар, соның ішінде ол өзі де, түрмелерде отырған еді, деп жазады.

Жапон әскерлерінің Бирмаға басып кіруі ағылшын әскерлерінің жедел жеңіліске ұшырауына әкеліп соқты. Мұның өзі Бирмадағы ағылшындық отар режимінің толық дәрменсіздігін және ағылшындық отарлау саясатының күйреуіне екендігін көрсетті. Жапондар елде аса қатаң әскери-окупациялық режим орнатты. Осыған қарамастан елде қарсыласу қозғалысы жапон оккупациясының алғашқы күндерінен-ақ басталып кетті. Коммунистер құрған қарсыласу ұйымы 1944 жылы Бирманы жапон империализмінен азат ету жолындағы күрестің жалғашылық орталығы болып алды. Жапон оккупанттарына қарсы күреске көтерілген Бирма халықтары бұл күресті елді отаршылдық езгінің қандайынан болса да түшкілікті азат етсек деген өздерінің үміттерімен байланыстырып отырды.

1944 жылы Бирмада Халық азаттығының антифашистік лигасы (АЛНО) құрылып, оған жұмысшылар мен шаруалар, ұлттық буржуазия мен интеллигенция бірікті. Лиганың басшы орталығы коммунистер мен «такиндерден» құрылды; мұнда Такин Тан Тун (коммунист), Аунг Сан («такин»), Бирманың көзірмі премьер-министрі У Ну (бұрынғы «такин», көзір социалист) және басқалары көрнекті роль атқарды. 1945 жылы мартта АЛНО-ның басшылығымен Бирмада халықтық көтеріліс басталды. Ол жапон басқыншыларын қуу және елдің тәуелсіздігін жариялау ұранымен өтті. Бұл көтеріліс ағылшын-америка әскерлерінің Бирмада жапон оккупанттарын жеңіп шығуына көмектесті.

Алайда, бұдан кейін ағылшындар Бир-

маға қайтып келіп, отаршылдық тәртіпті қалпына келтіре бастады. Бирманы қайтадан құлдану программасына халық бұқарасы қуатты тойтарыс берді. Жұмысшы табы мен шаруалар соғыстан кейінгі жылдарда Бирмада құлап жайғаш жалпыхалықтық қажырлы күреске басты күш болды. Бирмада қалыптасқан жағдай ағылшын билеуші топтарын шегінуге мәжбүр етті. 1947 жылы декабрьде ағылшын парламенті «Бирманың тәуелсіздігі туралы Актіні» бекітті де, 1948 жылы 4 январьда Бирма Бирман Одағының тәуелсіз Республикасы болып жарияланды. 62 жыл бойы аса қатал отаршылдық қанау мен езушілікте болып келген Бирма тәуелсіз ел болып алды.

Бирма тарихында ең бірінші рет құрылған ұлттық үкмет отаршылдықтың іздерін бірте-бірте жоюға бағытталған қадамдар жасап, елдің дербес экономикалық және саяси дамуын қамтамасыз етуге ұмтылып келеді. Ағылшын монополистері Бирмада әлі де белгілі позицияларын сақтап отырғанымен, бұл ел өнеркәсіпті, транспорт пен ауыл шаруашылығын қалпына келтіруде және өркендетуде, экономикағы жалпы өрге бастыруда алғашқы табыстарға жетісті.

Бирман үкметі бірқатар ағылшын компанияларын мемлекет меншігіне алды. Басқа да бірқатар ағылшын компаниялары бирман мемлекеттік капиталының қатыстырылуымен аралас компанияларға айналдырылды. Аралас компаниялардың кейбіреулерінде акциялардың жартысы, ал басқаларында—үштен бірі Бирман үкметініңкі. Елдің мұнай байлықтарын пайдалану жөніндегі аса ірі компанияда («Бирма ойл Ко») акциялардың үштен бірі Бирман үкметініңкі және оның бұл үлесті көбейтуге правосы да бар. «Ауыл-шаруашылық өнімін сату жөніндегі мемлекеттік басқарма» мен «Мемлекеттік орман басқармасын» құру арқылы бирман үкметі күріш пен тикті сыртқы рыноктарда сатуды өз қолына алды.

1952 жылы августа бирман үкметі шақырған конференцияда «шидоз жоспары»

(Бирманың әл-ауқатын арттыру жоспары) деп аталатын жоспар қабылданды. Бұл жоспар өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, оқу-ағарту, денсаулық сақтау ісін және басқаларын өркендетуді көздейді.

1953 жылы Бирман үкметі жер реформаларының кеңейтілген программасын жариялады. Бұл программа жерді мемлекет меншігіне беру туралы тікелей шаруалар бұқарасының қысымымен қабылданған заңға негізделді.

Бирма бейбітшілік пен хауіпсіздікті нығайтуды, әлеуметтік-экономикалық системалары өртүрлі елдердің бейбіт қатар өмір сүруін жақтаушы, соғыс топтарын құруға қарсы бейбітшілік сүйісін мемлекет ретінде Азияда барған сайын берік орын алып келеді. Бирма Совет Одағымен, Қытай Халық Республикасымен және бейбітшілік пен демократия лагерінің басқа да елдерімен дипломатиялық қатынастар орнатты. Бирма үкметі «Оңтүстік Шығыс Азияны қорғау үшін» құрылған агрессиялық соғыс блогіне (СЕАТО-ға) қатысудан үзілді-кесілді бас тартты және бір-біріне қарама-қарсы соғыс топтарын құруды айыптады. Бирма 1954 жыл Коломбода болған кеңеске қатысты. Мұнда оның өкілдері Индияның, Индонезияның, Цейлонның және Пакистанның өкілдерімен бірге ортақ мүдделі мәселелер жөнінен келіссөздер жүргізді. Бұл кеңестің нәтижесінде мазмұндама қабылданып, онда кеңеске қатысушылар өз елдерінің ішкі істеріне шетелдердің қол сұғуына қарсы күрес жүргізуге ұйғарғандықтары туралы, бір-бірінің суверенитетін құрметтеу, сүтегі бомбасына және жашай қырып жоятын қарудың басқа да түрлеріне тыйым салынуын және олардың жойылуын көздейтін туралы мәлімдеді. Бирма Азияның басқа да елдерімен бірге Қытай Халық Республикасына оның Біріккен Ұлттар Ұйымындағы заңды орнын беруі жақтаула.

1954 жылы Бирмаға Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Советінің премьер-министрі Чжоу Эн-лай барып қайтты. Бұл сапардың нәтижесінде бір-

лескен бирман-қытай мазмұндамасы жарияланып, онда екі елдің де бүкіл дүние жүзінде және әсіресе Азияда бейбітшілікті сақтап қалу үшін қолдан келгеннің бәрін істеуге әзір екендіктері, сондай-ақ өзара достық қарым-қатынастарды онан әрі нығайтуға әзір екендіктері айтылды. Сонымен бірге екі ел өздерінің өзара қарым-қатынастарында: территориялық тұтастық пен суверенитетті құрметтеу, бір-біріне шабуыл жасамау, ішкі істерге араласпау, теңдік және өзара тиімділік, бейбіт қатар өмір сүру сыяқты бес принципті басшылыққа алуға тиіс деген келісімге келді.

Бирма Азия және Африка елдерінің Бандунг конференциясы шақырушы инициаторлардың бірі болды. Ал бұл конференцияның Азия мен Африка елдері халықтарын топтастыруда, олардың Азиядағы және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік жолындағы күресін күшейтуде зор роль атқарғаны мәлім. Бирман халқының бейбітшілік жолындағы күресте зор еңбек сіңіргендігінің айғағы сол, бейбітшілік жолындағы жөрнекті күрескер, қарт бирман жазушысы Такин Годо Хмангге «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтудың үшін» халықаралық Сталиндік сыйлық берілді. Бұл сыйлық оған үстіміздегі жылдың 22 мартында Рангун муниципалитеті үйінің алдындағы алаңда, 7 мыңға жуық адам қатысқан жерде тапсырылды. Бейбітшілікті қорғаудың бүкіл-бирмандық комитеті елде зор жұмыстар жүргізіп, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің барлық жұмыстарына белсене қатысып келеді.

Бирманың мемлекеттік және қоғамдық топтары төрт держава басшыларының Женева Кеңесінің нәтижелерін қанағаттанғандықпен қарсы алды. Бирма баспасөзі былай деп атап көрсетеді: барлық елдердің арасында сенім орнатуға және олардың бейбіт қатар өмір сүруіне көмектесу үшін Бирма өзінің қолынан келгеннің бәрін де істеуге әзір.

**А. КАУФМАН,**

### БҰҰ Бас Ассамблеясының X сессиясында

НЬЮ-ЙОРК, 21 сентябрь. (ТАСС). Бүгін таңертең БҰҰ Бас Ассамблеясы өзінің жұмысын онан әрі жүргізді. Ассамблеяның комитеттері мәжілістер өткізді. Бірінші комитет (саяси мәселелер және хауіпсіздік мәселелері жөніндегі комитет) өзінің председателі етіп Л. Мунроны (Жаңа Зеландия) бірауыздан сайлады.

Бұдан кейін басқа комитеттердің де мәжілістері болып, олар да өздерінің председателдерін сайлады. Бас Ассамблеяның арнаулы саяси комитетінің председателі болып Ван Вайтхаксон (Тайланд) бірауыздан сайланды. Басқа комитеттердің председателдері де екінші (экономикалық және финанс мәселелері жөніндегі) комитетте — Э. Шове (Гайти) үшінші (әлеуметтік, гуманитарлық және

мәдени мәселелер жөніндегі) комитетте — О. Люффи (Египет), төртінші (қамқорлық мәселелері жөніндегі) комитетте — Л. Ривас (Мексика), бесінші (әкімшілік және бюджет мәселелері жөніндегі) комитетте — Г. Энген (Норвегия) және алтыншы (сан) комитетте М. Лакс (Польша) бірауыздан сайланды.

Комитеттердің мәжілістерінен кейін Бас Ассамблеяның пленум мәжілісі болды, онда Ассамблеяның жеті вице-председателі болып Англияның, Францияның, Құрама Штаттардың, Совет Одағының, Эфиопияның, Люксембургтің өкілдері және чанкайшілік сайланды. Сонымен Бас Ассамблея Бас Комитетті Ассамблеяның председателі, оның жеті орынбасары және комитеттердің жеті председателі құрамында құрды.

### Бас Комитеттің мәжілісі

НЬЮ-ЙОРК, 22 сентябрь. (ТАСС). 21 сентябрьде күндіз Бас Комитеттің мәжілісі болды, ол X сессияның күн тәртібін бекіту туралы Бас Ассамблеяға жасалатын ұсыныстарды қабылдауға және мәселелерді оның комитеттеріне бөліп беруге тиіс.

Бас Комитет 68 пункттен құрылған күн тәртібінің бір бөлегін мақұлдады. Бұл тәртібіндегі аса маңызды пункттердің бірі БҰҰ-ның қаруыздандыру жөніндегі комиссиясының: «Барлық қарулы күштер мен барлық қару-жарақты реттеу, оған иек қою және тиісті мөлшерде азайту. Қару-жарақты азайту, атом, сутегі қаруына және жаншай қырып-жоятын қарудың басқа түрлеріне тыйым салу туралы мәселе жөнінде халықаралық конвенция (договор) жасасу туралы» мәселе жөніндегі баяндамасы болып табылады.

Сессияда сонымен қатар атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану жөнінде 8—20 августа Женевада болған халықаралық конференция туралы БҰҰ Бас оқретарының баяндамасы да талқыланды.

Бас Комитет экономика жағынан нашар өркендеген елдерге көмек көрсету туралы, Оңтүстік Африка одағындағы нәсілдік шектенушілік туралы, өзін-өзі басқармайтын территориялар туралы мәселелерді және басқа мәселелерді сессияның күн тәртібіне енгізуді Бас Ассамблеяға ұсынуға ұйғарды.

Бұдан кейін Бас Комитет Грецияның делегациясы ұсынған Кипр туралы мәселені X сессияның күн тәртібіне енгізу жайындағы мәселені талқылауға кірісті.

Англияның өкілі Наттинг, Грецияны «Кипрдің халқын төртпінсіздік және вор-

АҚШ, Францияның, Жаңа Зеландияның, Норвегияның өкілдері және чанкайшілік Кипр туралы мәселені сессияның күн тәртібіне енгізуге қарсы шықты.

Бұдан кейін сөз сөйлеген Совет Одағының өкілі В. В. Кузнецов Кипр туралы мәселені Ассамблеяның күн тәртібіне енгізуді талап етті. Комитеттегі дискуссия, деді Кузнецов, бұл мәселені мейлінше зер салып қарауға өбден болатынын және БҰҰ-ның қазіргі сессиясында бұл мәселенің қаралуға тиіс екенін көрсетті. Уставқа сәйкес, БҰҰ бұл мәселені қарауға және өзінің ұсыныстарын айтуға міндетті, мұның өзі БҰҰ-ның беделін арттыруға көмектеседі.

Жұртқа мәлім, деп еске салды Кузнецов, Бас Ассамблеяның IX сессиясының күн тәртібіне: Кипр аралының халқына халықтардың тең правосылық принципі және халықтардың өзін-өзі билеу правосының қолдану деп аталған мәселе енгізілген болатын. ССРО делегациясы осы ұсынысты жақтап дауыс берген болатын. Өткен жылы оқылғалар БҰҰ-ның бұл мәселені анағұрлым тыңғылықты қарауға тиісеті екенін көрсетті. Бұл аудандағы жағдай шиеленісі жетті, ал кейбір елдердің арасындағы қатынастар бұрынғыдан анағұрлым шиеленісе бастады. Мұның өзі Кипр туралы мәселенің сессияның күн тәртібіне енгізілуге тиіс екендігін көрсетеді.

Кипр туралы мәселені Ассамблеяның күн тәртібіне енгізуді жақтап ССРО-ның, Польшаның, Мексиканың және Египеттің өкілдері дауыс берді; 7 делегация, соның ішінде — АҚШ-тың, Англияның және Францияның делегациялары қарсы дауыс берді. Төрт делегация дауысқа қойған кезде қалыс қалды, мұның ішінде Тайланд пен Эфиопияның делегациялары

### В. Пиктің Москвадағы келіссөздерге қатысқан ГДР Үкмет делегациясын қабылдауы

БЕРЛИН, 22 сентябрь. (ТАСС). АЛН агенттігінің хабарына қарағанда, Герман Демократиялық Республикасының Президенті В. Пик көше Москвадан қайтып оралған, Премьер-Министр О. Гротеволь бастаған ГДР Үкмет делегациясын қабылдаған. Премьер-Министр Отто Гротеволь, Премьер-Министрдің орынбасары О. Нушве, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары В. Ульбрихт Президентке ГДР мен ССРО Үкмет делегацияларының арасындағы келіссөздердің барысы туралы нәтижелерін баяндаған. Олар келіссөздер кезінде болған достық және өзара түсінісу рухын атап көрсеткен және Совет Одағы мен Герман Демократиялық Республикасы арасындағы қатынастар туралы жасалған договордың тарихи маңызын атап өткен.

Президент В. Пик келіссөздер туралы және Совет Одағымен Договор жасалғаны туралы толық есеп бергені үшін делегацияның мүшелеріне алғыс айтқан. Герман Демократиялық Республикасы мен Советтік Социалистік Республикалар Одағы арасындағы қатынастар туралы Договордың, деген Президент, шынында да тарихи маңызы бар. Ол біздің республикамызды дамытуда және оның дүние жүзіндегі жағдайында жаңа кезеңді бастайды. Бұл — толық тең правосылық, суверенитетті өзара құрметтеу және ішкі істерге араласпау принциптері көзделген отырған Договор.

Договор, деген Президент В. Пик бұдан кейін, Герман Демократиялық Республикасының өзінің ішкі және сыртқы саясатының, соның ішінде Герман Федералдық Республикасымен қатынастарының мәселелері жөнінде қарарлар қабылдауға еркін екендігін белгіледі.

Жұмысшылар мен шаруалардың өркін герман мемлекеті, деген бұдан кейін

Президент, ішкі саяси қатынастарда да, сондай-ақ сыртқы саяси қатынастарда да еркін қыймыл жасауға алған мүмкіндігін Европада бейбітшілікті қамтамасыз етуге және немістердің арасында өзара түсінісуге жетуге барлық күшімен атсалысу үшін пайдаланады.

Неміс халқының бүкіл Германиямен бітім договорын неғұрлым тез жасауға ұмтылып отырғанын айта келіп, В. Пик былай деп атап көрсеткен: Париж келісімдерін бекіту осындай договор жасасуға жөдегі болды. Париж келісімдері біздің халқымызды дүниежүзілік екінші соғысқа киліктірген бұрынғы герман милитаристері үстемдік етіп отырған Батыс Германияны ремилигарландыруға әкеліп соқтырды. Париж келісімдері сонымен қатар Батыс Германияны агрессияшыл соғыс блогіне қосуға да әкеліп соқтырды. Мұндай жағдайда, деген Президент, коллективтік хауіпсіздік системасын құру жолымен Европада бейбітшілікті қамтамасыз еткен күнде ғана бүкіл Германия үшін бейбітшілікпен — Договор негізінде реттеуді жүзеге асыруға болады. Москвада жасалған Договор Европада бейбітшілікті қамтамасыз ету ісіне, сөйтіп, Германияны болашақта қайта қосуға шын мәнісінде қызмет етеді, мұның өзі ең алдымен немістердің өз ісі болуға тиіс.

Президент В. Пик ГДР Үкмет делегациясының Москвадағы келіссөздерінің нәтижелерін толығымен мақұлдаған.

Қорытындысында ол Москва келіссөздерінің нәтижелерімен байланысты Үкмет делегациясының мүшелеріне рахмет айтты. Совет Одағының Үкметіне шын жүректен алғысын білдірген және бұл келіссөздер неміс халқы мен Совет Одағының халықтары арасындағы туысқандық достықты бұрынғыдан анағұрлым нығайтты деп атап көрсеткен.

### Герман проблемасын шешуге бағытталған келісімдер

БЕЛГРАД, 22 сентябрь. (ТАСС). Югославияның «Борба» газеті, Совет Одағы мен Герман Демократиялық Республикасы арасындағы қатынастар туралы Договорды түсіндіре келіп, былай деп жазды: «Бұл акт Шығыс Германияның өзінің ішкі және сыртқы саясатының мәселелерін, демек, өзінің Батыс Германиямен қатынастары туралы мәселені де дербес шешуіне еркін беріп отыр».

«Москвада Батыс Германиямен, ал содан кейін Шығыс Германиямен жүргізілген келіссөздер, — деп жазған газет, —

талған дипломатиялық шыйғылдардың қатарына қосылады... Шығыс Германияға суверенитет берудің нәтижесінде герман проблемасының дамуындағы тұтас кезең аяқталып отыр».

«Борба» былай деп санайды: ендігі жерде, «екі герман мемлекеті, барлық жағынан қарағанда, өздерінің жақындауы арқылы бірігу проблемасын шешуді жеңілдету үшін өзара қатынастарды оңдауға нақты күш-жігерін жұмсайтын болады. Бұл процессті, қалай болған күн-



### Мәдени үгіт бригадасы

Совет аудандық мәдениет бөлімі егін орағы күндерінде егіншілер мен механизаторларды мәдениетті қамту мақсатымен мәдени үгіт бригадасын ұйымдастырған еді. Бригаданың құрамында лекторлар, үгітшілер және көркемөнерпаздар бар.

Мәдени-үгіт бригадасы ауданның колхоз, совхоздарын аралап, егіншілер мен механизаторларға концерттер қойып тұрады. Соңғы кезде бригада Молодежный, Черкасск, «Лесные поляны» совхоздарында және бірқатар колхоздарда болып, 22 концерт қойып берді.

Бригада мүшелері өздерінің игі істерімен еңбекшілердің құрмет қосметіне бөленулі.

Қ. РЫМҚҰЛОВ.



Возвышен астық совхозында үстіміздегі жылы қапустаң әр гектарынан 300 центнерден онім алынғалы отыр. СҮРЕТТЕ: совхоздың қапуста танабында. Сүретті түсірген А. Розенштейн.

### Көрмеге жүріп кетті

Жуырда Петропавл теміржолшылары өздерінің бір топ жолдастарын көрмеге жөнелтті. Вагон жөндеу депосының 11 жұмысшысы мен инженер-техник қызметкерлері ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне бірнеше жылдан бері көрсетіп келе жатқан көмектері үшін эскурсант ретінде көрмеге бару правосына ие болды. Олар облыс колхоздары үшін 177-ден астам қуатты зернопулт машиналарын жасап берді.

Депо коллективі өздері қамқорлыққа алған Полудин ауданындағы Молотов атындағы колхоз үшін сыйымдылығы 20 мың центнерлік астық қоймасын, ал Конохов ауданындағы «Красная крепость» колхозына жабық қырман салуға көмектесті.

Р. ҚАСЫМОВ.

### БАУ-БАҚШАДАН МОЛ ТАБЫС

Чапас атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) бау-бақша шаруашылығы табысты шаруашылық саласына айналуда. Мұндағы жеміс бағының негізі бұдан он жыл бұрын таңдаулы бағбан Трофим Батеханың басшылығымен салынған болатын. Сол уақыттан бері колхоз бағында, алма, алмұрт, алқор, жемістердің және басқа түрлі сорттары өсіріліп келеді.

Артель өткен жылы бау-бақша шаруашылығынан 38 мың сом кіріс алған еді. Бақта өскен жеміс-жидекті сатудан колхоз быйыл 57 мың сом пайда тапты. Колхозда жеміс өлі сатылуда. Колхоздың алдын ала жасаған есебі бойынша бау-бақша шаруашылығынан алынатын кіріс быйыл өткен жылға қарағанда екі есе артпақ.

Т. ӘЛІМОВА.

### Мал қыстатуға әзірлік

Чистов совхозының коллективі мал қыстатуға үлгілі әзірленуде. Совхозда 113 мың центнер жемшөп сүрленеді. Сонда әрбір сыйырға келетін жемшөп 11 тонна болады. Совхозда быйыл жүгері егісі де жақсы өсті. Жүгерінің кейбір участоктерінің әрбір гектарынан 500 центнер көкпе алынды. Көздің өзінде 100 мың центнерге жуық жүгері сүрленді. Малазындық қызылша, турнепс те жақсы онім берді.

Ж. КЕЖЕНОВ.

Совхозда мал қораларын салу да қызу қарқынмен жүргізілуде. Құрылыс бригадалары 400 бастық шошқа қорасының, 100 бастық төл үйінің, 200 бастық екі сыйыр қорасының құрылыстарын аяқтап келеді. Мал фермалары жанынан мал өсірушілер үшін төрт пәтерлі екі тұрғын үй салынып, үш жел двигатели, ал, сыйыр қораларында автоматты суат орнатылды.

Ж. КЕЖЕНОВ.

### Жаңа типті қой қорасы

Преснов ауданындағы «Новый свет» колхозының мүшелері қамыстан 600 бастық жаңа типті қой қорасын салып жатыр. Мұндағы құрылысшылар бригадасын тәжірибелі колхозшы С. Наркин жолдас басқарады.

Қорада қозылар үшін

жеке клеткалар, аналық қойлар үшін арнаулы орындар болмақ. Мұнымен бірге, мал азығы құхнасы жабдықталмақшы. Қораның ішінен мал емдейтін орындар да салынады. Жаңа типті қой қорасы қысқа мерзімде пайдалануға берілгелі отыр.

### «Спартак» ерікті спорт қоғамы өз жұмысын жақсартуы тиіс

«Спартак» ерікті спорт қоғамы облыстық «Спартак» ерікті спорт қоғамының бірінші кірпіші» әртелдері жөнінде атап айту керек. Ал облыстық совет олардан

айтылған, бұл пунктті жүн тәртібіне енгізуге қарсы шықты.

Грецияның өкілі Мелас, Паттинге жауап бере келіп, былай деп атап көрсетті: Кипрдегі грек халқы өзін-өзі басқаруға право беруді талап етуде, ал Грецияның бұл мәселені БҰҰ-ға енгізіп отырған себебі сол, Кипр халқының БҰҰ-да өкілдері жоқ.

## Совет және Шотландия кооператив ұйымдары арасында товарлар алысу туралы келісім

ЛОНДОН, 22 сентябрь. (ТАСС). Кеше Лондонда ССРО тұтынушылар қоғамдары Орталық одағының (Орталық тұтынушылар одағының) және Шотландияның көтере сатып алушы кооператив қоғамының өкілдері арасында ойдағыдай жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде Совет-Шотландия кооператив ұйымдары арасында товар алысуды белгілеу туралы келісімге қол қойылды. Келісімге сәйкес совет кооперативтері бидай беріп оның орнына Шотландия кооперативтерінен өндірістік жүн маталарын алады. Келісімге Орталық тұтынушылар одағы басқармасының мүшесі А. Любимов және Шотландияның кө-

тере сатып алушы кооператив қоғамының председатели Джон Дэвидсон қол қойды.

Бас Комитеттің келесі мәжілісі 23 сентябрьде болады.

\*\*\*

21 сентябрьде БҰҰ Бас Ассамблеяның X сессиясындағы ССРО делегациясының басшысы В. М. Молотов Югославия делегациясының басшысы және сыртқы істер министрі Б. Поповичпен кездесіп, онымен әңгімелесті.

тере сатып алушы кооператив қоғамының председатели Джон Дэвидсон қол қойды.

Келісімге қол қойған кезде Дэвидсон мырза Совет және Шотландия кооперативтері арасында достық, іскерлік байланыстар орнатылғандығы жөнінде зор қанағаттанатынын білдірді. Мұндай байланыстарды дамыту, делі ол, Великобритания мен Совет Одағы арасында достық, іскерлік қатынастарды нығайтуға атсалысады, мұның өзі халықаралық кооператив қозғалысының принциптеріне бүтіндей және толығымен сай келеді.

## Солтүстік-Шығыс Индияда жер сілкінуі

ЛОНДОН, 22 сентябрь. (ТАСС). Рейтер агенттігі тілшісінің Калькуттадан берген хабарына қарағанда, кеше Солтүстік-Шығыс Индияда жер сілкінгені көрсетілген. Ашпордағы обсерватория былай деп хабарлаған: минутқа жуық уақытқа созылған жердің сілкінуі Гималай тауларының бойында — Бенгалиядағы, Калимпонгтағы, Ассамдағы, Шиллонгқа дейінгі жерлерде сезілді.

## Бейбітшілікті қорғаудың бельгиялық одағының мәлімдемесі

БРИССЕЛЬ, 23 сентябрь. (ТАСС). Бейбітшілікті қорғаудың бельгиялық одағы секретариятының мәлімдемесінде, атап айтқанда, былай делінген:

«Октябрьде Женевада болатын төрт сыртқы істер министрлерінің кеңесі бүкіл дүние жүзінде зор үміттер тудырып отыр.

Бұл кеңестің міндеті «үлкен төртлік» жасаған директиваларды жүзеге асыру болып табылады. Халықаралық шиеленісті бұдан былай да бәсеңдете беруге жетісу үшін бірлесіп қайындықтарды

## Аргентинаның уақытша президентінің декреттері

НЬЮ-ЙОРК, 23 сентябрь. (ТАСС). Ассошиэтед Пресс агенттігінің тілшісі Буэнос-Айрестен былай деп хабарлайды: 22 сентябрьде уақытша президент генерал Лонарди Аргентина конгресінің екі палатасын тарату туралы декрет жариялады.

Лонардинің Кордобадағы уақытша кеңесі жариялаған екінші бір декрет, өз уақытында екі провинцияға берілген — президент Перон және Ева Перон деген аттарды жойған. Бұл провинциялар көзін Чакко және Панна деп аталатын болады.

жеңуге және кейбір топтардың қарсылығын тойтарып тастауға тура келеді».

Бейбітшілікті қорғаудың бельгиялық одағы бельгиялықтарды қару-жарақты азайту мен атом қаруына тыйым салуды белсене жақтауға, Бельгия үкметінен соғыс шығындарын азайтуды және Қытай Халық Республикасын тануды талап етуге шақырады.

Мәлімдеменің қорытынды бөлігінде былай деп атап көрсетілген: 1956 жылы 22 январьде Брюссельде бейбітшіліктің Ұлттық Ассамблеясы болады.

дер герман проблемасын шешуге бағыт-рөс».

## Азиядағы коллективтік хауіпсіздік проблемасы туралы Индия газетінің пікірі

ДЕЛИ, 23 сентябрь. (ТАСС). «Спасат» газетінде «Азия үшін бейбітшіліктің коллективтік шарты» деген тақырыппен мақала жарияланған. Мақаланың авторы, «Авам» газетінің бұрынғы редакторы Мұхаммед Мехди былай деп жазады:

Төрт держава үкмет Басшыларының Женева кеңесінен кейін халықаралық шиеленісте елеулі бәсеңдеу туды. Бүгінгі проблемаларды келіссөздер жүргізу жолымен шешу үшін жеңіл қадамдар жасауға болатындай тиімді жағдай әзірленді. Сондықтан, егер халық осындай тиімді жағдайда маңызды проблемаларды бейбіт шешуді талап ететін болса, оның таңданарлығы жоқ.

Азияда, делінген мақалада, бейбіт жағдайды ұландыратын, соның салдарынан Азиядағы ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікке қатер төндіретін орталықтар бар. Нго Динь Дьем Женева келісімін танудан бас тартып қана қойған жоқ, сонымен қатар уақытша келісім жөніндегі бейтарап комиссияның мүшелеріне шабуыл ұйымдастырды. Оңтүстік Кореяның премьері Ли Сын Ман Солтүстік Кореяға шабуыл жасаймын деп қорқытады және Бореядағы уақытша бітім жөніндегі бейтарап комиссияға жала жабады. АҚШ-тың әлі күнге дейін өзінің соғыс флотін Тайвань ауданынан алып кеткісі келмей отыр. Малайяда әлі күнге дейін патриоттардың қаны төгілуде.

Азия мәселелерін талқылау үшін жо-

ғары дәрежелі конференция шақыру туралы Индия ұсыныс енгізген уақытта бұл ұсынысты Азияның көптеген елдері қолдады, деп жазады Мехди. Бұл пікірді КХР Мемлекеттік Советінің премьері Чжоу Эньлай да қолдады. 30 июльдегі өзінің сөзінде ол былай деп мәлімдеген еді: «Азия мен Американы қоса, Тынық мұхит елдері жер шарының бұл бөлігінде көзін орын алып отырған антагонистік соғыс блоктарынан орын алатын бейбітшіліктің коллективтік шартына қол қойса, Индия үкметі бірінші болып қорғаған коллективтік хауіпсіздік системасын жүзеге асыру идеясы жүзеге асар еді деп, қытай халқы сеніп отыр». Чжоу Эньлайдың коллективтік бейбітшілік шартына қатысуға АҚШ-ты жолатпауды жақтап емес, қайта керісінше, бұл елді осы системаға қосу туралы айтқан пікірі назар аударуға тұрарлықтай факты болып табылады, өйткені АҚШ-тың Шығыс Азияға деген ынтасы орасан зор.

Бүгін дүниежүзілік саясатқа назар аударып отырғандардың барлығы да, дейді бұдан әрі автор, бүкіл дүние жүзіндегі баянды бейбітшілік үшін Еуропадағыдай Азиядағы соғыс шарттарын да жоюдың қажеттілігін түсініп отыр. Азияда бұл жайындағы үлкен жауапкершілік Индия мен Қытайға жүктеледі. Қытай нақтылы ұсыныстар жасады. Индия үкметі бұл ұсыныстардың бұдан былай да алға жылжуына көмектесе алмас па еді?

## Пакистан құрылтай жыйналысы мүшелерінің оппозиция қайраткерлерін тұтқындауға қарсы наразылығы

БАРАЧИ, 23 сентябрь. (ТАСС). «Доон» газетінің хабарлауына қарағанда, Пакистан құрылтай жыйналысының 11 мүшесі ұлттық лига, мұсылман лигасы және біріккен майданның өкілдерімен бірігіп, премьер-министрге бірлескен мәлімдеме тапсырған, онда белгілі саяси қайраткерлер Хан Абдул Раффар-ханның, Хайдер Бақш Джатойдың тағы басқаларының тұтқыннан тез арада босатылуы талап етілген.

Мәлімдемеде былай делінген: өкмет орындары жүргізіп отырған тұтқындау-

лар басшы топтардың әлі де болса зорлау, мәжбүр ету және қыр көрсету әдістерін қолдануды тоқтатпандығын көрсетеді. Батыс Пакистанның біріктірілуіне қарсы шыққан саяси лидерлердің тұтқынға алынуы, деп атап көрсетілген мәлімдемеде, «орталық үкмет пен провинциялар үкметтері демократия мен азаматтық бостандықтарға қарсы шығып отыр, сондықтан оппозицияның үніне олар төзе алмайды» деген қорытынды жасауға мүмкіндік беріледі.

## Кипрдегі жағдай жайында

ЛОНДОН, 22 сентябрь. (ТАСС). Лондон радиосының хабарлауына, Кипрде, Никозияның Оңтүстік-Батысындағы ауданда ағылшын әскерлері мен полициясы «Англияға қарсы ұрандармен» демонстрация ұйымдастырған жергілікті тұрғындармен

соқтығысқан. Әскерлер мен полиция демонстрацияшыларға оқ атып, олардың бірін жаралған. Бұл ауданда коменданттық бақылау сағаты енгізілген.

Ағылшын солдаттары мен полицейлері аралдың бірқатар аудандарын күзетуде.

тері 560-қа жуық спортшы жастарды біріктіреді. Өткен жылдармен салыстырғанда қоғамның спорттық базасы анағұрлым нығайып, тренерлер мен нұсқаушылар құрамы да жақсара түеті. Мұның барлығы «Спартак» ерлікті спорт қоғамының физкультура және спорт жұмыстарын ойдағыдай жүргізуге мүмкінділігі бар екендігін көрсетеді.

Дегенмен «Спартак» ерлікті спорт қоғамының жұмысы әлі де болса өз дәрежесінде бола алмай отыр. Облыстың жасөспірімлік артельдері мен өндіріс комбинаттарының жұмысшылары спортпен осы қоғам арқылы шұғылдануға тиіс. Соған қарамастан қоғамның облыстық советі (председатели А. Кузнецов жолдас) төменгі спорт коллективтерін тек қаладағы артельдерде ғана ұйымдастырып, аудан орталықтарындағы артельдер мен өндіріс комбинаттарына көңіл бөлмейді. Бұған дәлел ретінде облыстағы бес ауданда ғана төменгі спорт коллективтері құрылғандығын, соның өзінде ол коллективтердің ойдағыдай жұмыс істей алмай келе жатқандығын айтудың өзі жеткілікті.

Ең алдымен аудандардағы жасөспірімлік артельдері мен өндіріс комбинаттарының жанындағы физкультура коллективтерінің спорттық базасы нашар. Себебі, артельдер мен комбинат басшылары, жасөспірім ұйымдары спортшы жастарды қажетті жабдықтармен қамтамасыз етуді өскермейді. Мұны әсіресе Совет ауданындағы Жланов атындағы, Конохов ауданындағы «Керамик», Мамлют ауданындағы «Крас-

белуді талап ете алмай келеді. Соның салдарынан қоғам бойынша өткізілетін спорт жарыстарына аудан спортшылары мүлде аз қатысып жүр.

Жаңдай Петропавлдағы жасөспірімлік артельдерінің жанындағы төменгі физкультура коллективтерінде де мәз емес. «Молот», «Қазақстанның 10 жылдығы» жасөспірімлік артельдерінің басшылары Варов, Бекжанова жолдасар артель жастарының спортпен шұғылдануға деген ынталарын қолдамай отыр.

«Спартак» ерлікті спорт қоғамының жұмысындағы елеулі бір кемшілік — жас спортшылардың шеберлігін арттыруға қажеттілік аз болып отырғандығында. Тренерлер тек бұрын көзге түскен спортшыларды жаттықтырумен ғана шұғылданып, олардың қатарын жас спортшылармен толықтыруды ұмыт қалдырады. Мәселен, футболшылардың көпшілігі басқа жерлерге ауысып жетумен байланысты, футбол командасы тарап кетті.

«Спартак» ерлікті спорт қоғамының облыстық советі физкультура және спорттың шын мәнінде бұқаралық болуына жетісуі тиіс. Ол үшін төменгі спорт коллективтерінің арасындағы байланысты жақсартып, тренерлер мен нұсқаушылар жас спортшылардың өз шеберліктерін арттыруына көмек көрсетулері қажет.

Е. ҚАБИЕВ.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» кинотеатрында	«ОКТАБРЬ» кинотеатрында
«ӨМІР САБАҒЫ»	«ГАСПАРОНЕ»
Сеанстар сағат 5, 6-30, 8-40, 10-30-да басталады.	Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

### ПЕТРОПАВЛДЫҢ ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛДАЙТЫН АВТОМАШИНАЛАР БАЗАСЫ

Жолаушылар тасымалдайтын автомашиналардың төмендегі маршрут бойынша жол жүріп тұруы жөнінде күзгі-қысқы маусымға арналған жаңа расписание жасалғандығын барлық азаматтардың, ұйымдар мен кәсіпорындардың есіне салады:

Петропавл — Марьевка	8 сағат 30 минут және 15 сағатта;
Петропавл — Корнеевка	— 8 сағат 50 минутта және 15 сағат 30 минутта;
Петропавл — Ильинка	— 9 сағатта;
Петропавл — Бердюжье	— 8 сағат 40 минутта;
Петропавл — Пресновка	— 9 сағат 10 минутта және 16 сағатта;
Петропавл — Щучье	— 17 сағатта;
Петропавл — Ново-Михайловка	— 9 сағат 20 минутта;
Петропавл — Аманкелді атындағы совхоз	— 16 сағат 30 минутта;
Петропавл — Соколовка	— 9 сағат 30 минутта және 17 сағат 30 минутта;

сапарға шығып турады.  
Азаматтар! Автомобиль транспортымен пайдаланыңыздар!

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.